8 АҚПАН,
2025 ЖЫЛ,
СЕНБІ
№15 (23 484)

# ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Даму бағыты бағамдалды 2-бет

Болашақ бақшадан басталады 4-бет

Үміт зор, мүмкіндік мол 8-бет


● ТАРАЗЫ

# Салық игілігі – халық игілігі

**Қосымша құн салығын (ҚҚС) өсіру мәселесі күн тәртібіне шыққалы, қоғамдағы қобалжу да, әлеуметтік желідегі пікірлер дүрбелеңі де басылар емес. Әсіресе, қоғам белсенділері Үкіметтің кеңейтілген отырысынан кейін дүрлігіп жүр. Талқыға түскен мәселе билікке де, бұқараға да маңызды болғандықтан шығар, таразы басы теңселіп тұр.**

**Жасыратыны жоқ, біздің қоғам ешнәрсенің байыбына бармай байбалам салатын «мінез» тауып алған. Әрине, ой еркіндігі бар қоғамда сергектік қалыптасып, еркін ой, ашық пікір қозғаушы факторға айналады. Оны жоққа шығара алмаймыз. Біз өкінішке орай, қазір ұсыныс, жобаны түпкілікті шешім деп қабылдап, қарапайым халықтың сабырына «салқын тигізіп» отырмыз. Дегенмен, Үкімет ұсынған жобаның да, оған қарсы тараптың да уәжі көңілге қонымды екенін ескеруге тиіспіз. Бірақ, «Сенікі де – дұрыс», «Сенің ұсынысың да – орынды» деген әсіре ымырашыл байлам тығырықтан жол шығармайды.**

**Олай болса, мамандар пікіріне жүгініп, әлемдік тәжірибеге сүйеніп және бизнес қауымдастық наразылығына назар аудара отырып, мәселені «май шаммен қарап» көрелік...**


Коллажды жасаған Ш.Адамбекова

**Ерсін МҰСАБЕК,**
«Ortalyq Qazaqstan»

### Қосымша құн салығы деген не?

Негізгі мәселеге көшпес бұрын, қоғамда қызу талқыланып жатқан қосымша құн салығы дегеннің не екенін анықтап алайық.

Ресми анықтамасында «ҚҚС – сатылатын тауар мен көрсетілетін қызметтің бағасы негізінде есептеліп, мемлекеттік бюджетке түсетін жанама салық түрі», – делінген. ҚҚС төлеу барлық кәсіпкерге міндетті емес. Тіркеу кәсіпкердің айналым көлеміне қатысты жүргізіледі. Тіркеудің шекті мөлшері туралы соңыра айтатын боламыз. Сондай-ақ, импортқа тәуелді кәсіпкерлер ҚҚС-ын айналып өте алмайды. Кез келген сауда операциясын растайтын түбіртектің соңында «В том числе НДС» деп (бізде қазақ тілінде жазылған түбіртек сирек беріледі ғой) тұратын төлем сомасы – осы қосымша құн салығы. Оның мөлшерлемесін Мемлекет билігі қолданыстағы Салық кодексі талаптары бойынша белгілейді. ҚҚС-ның мөлшері әлемнің әр елінде әртүрлі деңгейде. Қазақстанда – 12%. Біздегіден жоғары да, төмен мөлшерлеме белгілеген елдер бар.

➤ 3-бет

# Сары мысты сапырған

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

**Балқаштықтар қай уақытта болмасын, еңбек бақытына бөленген жандар мен мыс бұлағын ағызған металлургтерімен мақтанады. Жұмысын үдетіп, қуатын арттырған от дариясының бастауындай Балқаш мыс балқыту зауытының аймақ экономикасында алар үлесі қомақты. Бүгінде кемеліне келіп, атағы шартарапқа жайылған мыс зауытында еселі еңбек еткен майталмандар қаншама?! Солардың бірі – «Kazakhmys Smelting» ЖШС Балқаш мыс зауыты балқыту цехының №5 ауысымның балқытушысы, 20 жылдан астам тәжірибесі бар Болат Бекеев.**

**Нұрдос КӘРІМ,**
«Ortalyq Qazaqstan»



Металлургтер арасында «мықтының мықтысы ғана металлург бола алады» деген қанатты сөз қалыптасқан. Расымен де, ыстық пештің қасында мыс балқыту оңай емес. Мұнда еңбек ететіндер – тәжірибелі металлургтер. Сол мықтылардың сапында Болат Төлеуқұлұлы да бар. 2002 жылдан бастап өндіріспен өмірін байланыстырған азамат әріптестерін мақтан тұтады. Айта кетерлігі, мұндағы ауысымдарда көбінесе тәжірибелі жандар еңбек етеді. Соның бірі ауысым бригадирі қызметін атқарып келе жатқан Ерлан Айтбаев екеуі бір жылда еңбек жолын бастапты.

Кейіпкеріміздің айтуынша, бұл ауысым жоғарғы өндірістік көрсеткіштерге жетіп, әрдайым алда келеді. Адам кемеңгер болып жаратыла салмайды. Өмірден үйреніп барып, жақсы менен жаманның дәмін татып, кең арналы жолға түседі. Сананда жарық сәуле болса, оқып-тоқып алған білімің халықтан, сол халықтың адал да ақпейіл ұл-қыздарынан көргенің, үйренгенің игілікке, абыройға айналады. Мұны нағыз кәсіпқой, өз ісіне немқұрайлы қарай алмайтын, өз кәсібін сүйетін жандар Саян Акторғаев, Алмаз Шайкежанов, Алмас Аманжолов, өзінің шәкірті Жалғас Кәукерхан сияқты осы салада табан аудармай жұмыс жасаған азаматтар жақсы білетіндігін айтады Болат Бекеев.

Балқытушы Болат Шет ауданында 1977 жылы дүние есігін ашыпты. Айтулы аймақтың Ыбырай Алтынсарин атындағы білім ұясында оқыған. 1995-1996 жылдар аралығында Отан алдындағы асыл борышын өтеп, өндіріске бет бұрғанша ауыл шаруашылығы бойынша кәсіптің құлағын ұстаған.

21 жылдан астам еңбек жолын ел байлығын игерумен етене байланыстырған балқытушы Балқаш өңірі қойнауынан мыс бұлағы аққалы өнім беруді тоқтатпай топ бастағандығын жеткізді.

– Балқаш мысының ел экономикасындағы үлесі қомақты. Мұнда мыс балқытқан мамандар еселі еңбек етіп келеді. Жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізіп, мінсіз еңбек еткендер елеусіз қалған емес. №5 ауысымның жұмысы қызып жатыр. Ауысым шебері Айбол Асылбеков бастаған 25 адам, бір үйдің баласындай бірлесе жұмыс істейміз. Бір ауысымда 12 шөміш штейнді игереміз. Өндіріс бастауында тұрған, күндіз-түні от бүріккен пештердің жанында өткізген, қиын тұрмыстық жағдайда өмір сүрген адамдар еңбектің қадірін біледі. Мен қашанда осы салаға баулыған ұстазым, бригадир болған Мұрат Төлеубековтей ағама дән ризамын. Өндірісті қалаға көшіп келгенде «балқытушы болсам» деген арман жүрегіме ұялады. Сол арманға жеттім де. 2002 жылдан бері осы өндірістемін. Мен үшін мыс балқытатындардың осалы жоқ. Біздің ұжым – кәсіби металлургтердің-балқытушылардың, өз жұмысын шебер атқаратын мамандардың тұтас командасы. Жұмыс – өте қауіпті. Маңызы жоғары. Технологиялық және техникалық мыс балқыту процесінің экономикалық көрсеткіштерінде әріптестерімнің маңдайының тері бар, – дейді Болат Бекеев.

Әңгіме барысында қоңыр мінезді, қазақтың қара торы жігіті Болаттың жақсы мінездерін байқадық. Әсіресе, сыпайылығы, мәдениеттілігі, жауапкершілігі оның негізгі қасиеті. Отбасында жақсы тәрбие көріп, онысын өзінің отбасына сіңдіре білген, Ахат, Санжар, Ғибрат есімді балаларына қамқоршы әке, Гүлмирадай асыл жарына тірек, жұмысына адал жан болуы оның мерейін одан әрі асырғандай. Ілтипаттылығы да көрер көзге көрініп тұрады.

Айта кетейік, бүгінде Болаттай білімі мен біліктілігін өндіріспен байланыстырып, әрдайым ізденіп жүретін мамандық иелері БМЗ-да мыс балқыту цехының тасын өрге домалатып, өнімді еңбек етуде. Түсті металлургия флагманының жақсы дәстүрлерін бүгінгі күнге дейін сақтап қалған жұмысшылар көңілді қуантады. Мыс толғатып, жез туған Балқаш өңірінде зауытта белі қайыса өндірісті алға сүйреп келеді.

Бай емес концентраттан бүгінде жоғары сапалы металл алынады. Балқаштық металлургтер бұл балқыту жұмысының ешқашан тоқтамауын тілейді. Балқаштың мысы өзендей ағып, тұрғындардың әл-ауқат тірегіне айналса деген тілегі бар.

**БАЛҚАШ**

Сурет **автордан**

● ӨЗЕКТІ

# 740 мектепте директор жоқ

**Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев республика бойынша 7 мыңнан аса мемлекеттік мектеп жұмыс істейді, алайда, білім ордаларының басшылығына әлі де білікті мамандар қажет екенін атап өтті.**

**Аяулым СОВЕТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Министрліктің талдауына сәйкес мектеп директорларының кәсіби деңгейін арттыру қажет. Қазіргі таңда тек 9%-ы ғана «басшы-көшбасшы» біліктілік санатына ие. Осыған байланысты 2023 жылдан бері «Білім берудегі өзгерістің 1000 көшбасшысы» жобасы іске қосылды. Қазірдің өзінде 583 маман республикалық кадрлық резервке енгізілген.

– Жоба басталғанына қарамастан, 740 мектепте әлі де директор жоқ, оның 81%-ы – ауылдық жерлерге тиесілі. Әсіресе, Түркістан, Қарағанды, Павлодар, Ақмола және Қостанай облыстарында мектеп басшыларына сұраныс жоғары. Ал, Ақтөбе облысында резервке алынған 12 маманның тек екеуі, Шымкентте 23 маманның үшеуі ғана тағайындалған. Алматы қаласында резервте тұрған 30 маманның бірде-біреуі басшылық қызметке бекітілмеген. Бұл – жергілікті білім басқармаларының бос орындарды ескере отырып, кадрларды іріктеуде нақты әдістеменің жоқ екенін көрсетеді. Яғни, стратегиялық маңызы зор жоба жүйесіз іске асырылып жатыр, ал, біз қазір білім саласында одан да жоғары міндеттерді шешуге тиіспіз, – деді Ғани Бейсембаев.

Министрдің айтуынша, қазіргі мәселе тек жаңа басшыларды даярлауда ғана емес, сонымен қатар, барлық мектеп директорларын сапалы менеджмент пен білім беру саласындағы көшбасшылық бағдарламалары бойынша оқытуды ұйымдастыруда.

| ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: | ●EUR/KZT 533.96 | ●USD/KZT 515.31 | ●RUB/KZT 5.30 | ●CNY/KZT 70.69 | Қазақстан Ұлттық Банкінің 7 ақпан, 2025 жылғы дерегі бойынша |
|---|---|---|---|---|---|

# Даму бағыты бағамдалды

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

**Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапарымен Балқаш қаласында болды. Сапар аясында аймақ басшысы өңірдегі бірқатар мәдени, туристік, өндірістік нысанды аралап, жұмыстарымен танысты. Көлік жолдарын шұғыл түрде қалпына келтіру қажеттігін айтты. Әр салаға жеке-жеке тоқталып, нақты тапсырмалар жүктеді.**



**Нұрдос КӘРІМ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс басшысы алдымен еңбек ұжымдарымен жүздесті. Мәселен, Балқаш жылу электр орталығындағы кездесуде көптеген мәселелер көтерілді.

– Өздеріңіз білетіндей, жыл бойы мен тұрғындармен кездесулер өткіземін, бірақ олардың арасында жұмыс ұжымдарының өкілдері үнемі бола бермейді. Сондықтан, бүгін сіздердің ұсыныстарыңыз бен сұрақтарыңызды тыңдау үшін келдім. Биыл Президенттің бастамасымен «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланды. Мемлекет басшысы жұмысшы мамандықтары – экономиканың негізгі қозғаушы күші екендігін ерекше атап өтті. Сіздерге адал еңбектеріңіз бен өңірдің дамуына қосқан үлестеріңіз үшін алғыс айтқым келеді, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Басқосуда азықтүлік бағасының өсуіне қатысты мәселе көтерілді. Қала әкімі Сапар Сатаев көпті алаңдатқан мәселенің шешімі коммуналдық базар салу арқылы шешіледі деген жоспарымен таныстырды. Онда кәсіпкерлер жалға алу ақысы төленбейтін сауда орындарын алады. Осының есебінен бағалар төмендеуі ықтимал. Барлық қажетті инфрақұрылымы бар ғимаратты кең және жылы, ауа баптағыштары бар, санитариялық тораптарымен салу көзделген. Бұдан басқа, қалада коммуналдық павильондар орнатылмақ.

Жасыратын несі бар, бүгінде қаланың жолдары бойынша сын көп. Әйтеуір жерлестеріміз оған түсіністікпен қарайды. Өйткені, өткен жылы инженерлік желілерді қайта жаңарту жұмыстары қарқынды жүргізілді. Қыс қаһарына мінбей тұрып, орталық жылу жүйесі іске қосылды. Және жылу беру құбырларындағы апаттық жағдайлар саны едәуір азайған.

Нақты айтсақ, 32 шақырым жылу желілері мен 44 шақырым су құбыры жөнделді. Биыл тағы 21 шақырым жаңа құбыр салу жоспарланған.

Сапар Қайыркенұлы уәде еткендей, автожолдарды жөндеу жұмыстарының қарқыны биыл артпақ. Жиырмаға жуық көшенің бойында жол жөнделеді.

Баспана мәселесі де күн тәртібінен түскен емес. Кездесуде «Отбасы банкі» филиалының директоры Бауыржан Жуасбаев жұмысшы мамандарға арналған «Наурыз жұмыскер» жаңа ипотекалық бағдарламасы туралы айтып берді. Ол үстіміздегі жылдың 17 наурызында іске қосылады.

Ермағанбет Бөлекпаев «Қазақмыс» компаниясының өнеркәсіптік нысандарын да аралады. Ол «Kazakhmys Progress» ЖШС жұмысымен, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің Металлургия және байыту институтының ғалымдары әзірлеген вакуумдық дистилляцияның жаңа технологиясы бойынша шығарылған техникалық селен өндірісімен танысты.

Сондай-ақ, облыс басшысы Балқаш мыс балқыту зауытының қымбат металл цехының өндірісін, «Қазақмыс» компаниялар тобының талдау зертханасын аралап көрді.

Ермағанбет Қабдулаұлы Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында салынған №12 мектепке де арнайы барып, білім ошағының ұжымымен жүздесті.

Ангиографиялық операциялық жапсарлас ғимарат салынып жатқан қалалық ауруханаға да арнайы барды. «Коунрад» қорының қолдауымен ашылған «Jas Space» жастар орталығында болып, оның жабдықталуы – бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің жарқын үлгісі деген баға берді.

Бұдан соң облыс басшысы қаланы дамыту жөнінде кеңес өткізді.

– Өткен жылы Балқашта тұрақты өсу байқалды. Қала негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің оң динамикасын сақтап қалды. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 4,8%-ға артты. Қала экономикасына 58,6 млрд теңге инвестиция тартылды, – деп атап өтті облыс басшысы.

Биыл қандай жұмыстар атқарылмақ? Бұл туралы қала әкімі Сапар Сатаев баяндады.

Шаһар басшысы атап өткендей, Балқаш-Тораңғылық кенті магистральды су құбырының құрылысын бастауға республикалық бюджеттен қаржы бөлінген. Байқау қорытындысы бойынша мердігер анықталды. Жобаны іске асыру туризмді дамытуға ықпал ететіні сөзсіз.

– 2 жыл ішінде 31,6 шақырым жылу желісі жөнделді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде олардың тозуы 75-тен 65%-ға дейін, апаттар саны 30%-ға төмендеді. Бұдан басқа, қаланың проблемалы аудандарын үздіксіз орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ету үшін Ағыбай батыр көшесіндегі сорғы станциясын қайта жаңартуға және Желтоқсан көшесіндегі қуаттылығы бар сорғы станциясын салуға ЖСҚ әзірленеді, – деді Сапар Қайыркенұлы.

Саяқ кенті де назардан тыс қалмайды. Сумен жабдықтауды жақсарту үшін мұнда желілердің жартысы ауыстырылды. Тоқырауын-Саяқ су құбырын жөндеу жалғасады. Бұған қоса, Саяққа ауызсу беретін тозған сорғы станцияларының көп жылғы мәселесін шешу қолға алынған. Жабдықтар өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан бері жөнделмеген.

Өткен жылы басты сорғы станциясында жабдықтар толығымен ауыстырылды, қорғаныс жүйелері және станция мен жерасты ұңғымаларының автономды жұмысы үшін екі генератор орнатылды.

«Алматы-Екатеринбург» автожолы бойындағы сервисті дамыту мақсатында бизнес нысандарының құрылысына қосымша жер учаскелерін бөлу үшін ТЖЖ әзірлеу басталды.

Мәселен, Балқаш пен Бектауата аралығындағы автобан бойында жалпы аумағы 4240 шаршы метр көпфункционалды кешен, бес кафе және супермаркеттер, бес нарық кешені, екі мотель және кемпинг, екі медициналық пункт салу көзделіп отыр.

– Кәсіпкерлер мұндай жағдайда жалғыз қалдық деп ойламасын. Олармен жұмыс істеңіздер, түсіндіріңіздер, – деді Ермағанбет Бөлекпаев қала басшылығына.

Сапар Қайыркенұлы атап өткендей, қаланы көгалдандыру, көпқабатты үйлердің қасбетін, көл жағалауын абаттандыру жұмыстары биыл да жалғасады. Қала басшысы білім беру саласындағы жаңа мүмкіндіктер мен колледждердің түлектерін жұмыспен қамту көрсеткіштерін де таныстырды. Кеңесті қорытындылаған облыс әкімі әрбір жұмыстың сапалы орындалуын жіті бақылаудың маңызын қадап айтты. Қала дамып, гүлденіп келеді, атқарылатын жұмыс та көп. Маңызды мәселелерді жедел шешіп, халық үшін қолайлы жағдай жасауға күш саламыз.

Биыл Тораңғылық және Шұбартүбек курорттық елдімекендерін сумен қамтамасыз ету үшін магистральдік су құбырының құрылысын бастаймыз.

Қалалық әуежайды қайта құру жалғасуда. Жүру жолдары мен перронды қайта құруды аяқтадық. Қазір ғимарат ішінде жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Жақын арада ұшу географиясы кеңейіп, жолаушылар үшін жағдай жақсарады.

70 үйдің қасбеті мен шатыры жөнделеді, – деді облыс басшысы.

Сонымен қатар, облыс әкімі Балқаш қаласындағы одан әрі дамыту және халықтың өзекті мәселелерін шешу жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Суретті түсірген
***Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ***

# Жылу желісі жаңғырады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

**Қарағандыда жылумен жабдықтау сапасын жақсарту жұмысы жалғасып жатыр. Былтыр Қазыбек би ауданының Оңтүстік-Шығыс бөлігіндегі жылу қуаттарының тапшылығын жоятын үшінші жылу құбырының құрылысы аяқталған. Биыл Майқұдықтағы инвестициялық бағдарлама аясында Архитектурная көшесіндегі жылу желісін қайта құруды аяқтау жоспарланып отыр.**



Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

***Жәлел ШАЛҚАР,***
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев монополистерге «Инвестиция орнына тариф» бағдарламасы бойынша тұтынушылар алдында есеп беруді тапсырды. Тарифті қалыптастыруға қандай жайттардың әсер ететіні туралы «Теплотранзит Қарағанды» компаниясы мәлімдеді.

Дерекке сүйенсек, Қарағандыда орталық жылу жүйесіне 4690 үй қосылған. Олардың жартысына жуығы көп қабатты үйлер. Жылу желілерінің ұзындығы – 448 шақырым. Коммуникациялардың 71,2%-ы тозған. Бекітілген инвестициялық бағдарлама аясында жаңғырту жұмысы жүргізілуде. Атқарылып жатқан шаралардың жылу шығындарын азайтуға және жылумен жабдықтау жүйесінің тозуын тежеуге бағытталғанын атап айту керек.

Бірінші ақпаннан бастап, жылумен жабдықтау қызметтеріне жаңа тарифтер күшіне енді. Бұл өзгерістер Табиғи монополияларды реттеу комитеті департаментінің бұйрықтарымен бекітіліп отыр.

«Бағаның көтерілуі – «Инвестиция орнына тариф» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы инвестициялық бағдарламаны іске асыруға, стратегиялық тауар құнының өзгеруіне (нормативтік шығындар үшін электр энергиясы мен жылу энергиясы), және көрсетілетін қызметтер көлемінің ұлғаюына байланысты», – деп түсіндірді компания мамандары.

«Теплотранзит Қарағанды» ЖШС қаржы директоры Алданыш Күніспеков осы жылғы жобалар туралы кеңірек айтып берді.

– Архитектурная көшесіндегі жылу желісін қайта жаңарту 2023 жылдан бастап жүргізілуде. Қазір 1,6 шақырымның 500 метрі қалды. Биыл ол толығымен аяқталуы тиіс. Күтілетін нәтиже – жылумен жабдықтауды жақсарту, жылу желісінің төзімділігін арттыру, шығындарды азайту, – деп түсіндірді ол.

Сонымен қатар, «Инвестиция орнына тариф» бағдарламасы аясында 28-шағын ауданда орамішілік желі мен сорғы станциясын қайта жаңарту жұмысы басталмақ. Желінің ұзындығы – 1,37 шақырым. Екі жылға жоспарланған жобаны 2026 жылы аяқтау көзделіп отыр. Оны іске асыру осы аудандағы жаңа құрылыстарды жылуға қосуға мүмкіндік береді.

«Теплотранзит Қарағанды» ЖШС бас директоры Андрей Ляпунов наурыз айының соңында Оңтүстік-Шығыс тұтынушыларын үшінші жылу құбырына қосу жоспарланып отырғанын айтады.

– Қазір ол тестілік режимде жұмыс істеп тұр. Біз сорғылардың, автоматиканың жұмысын тексереміз. Жалпы, аймақ басшылығымен бірлесіп, кеншілер қаласын жылумен жабдықтауды жаңғыртуды жалғастырудамыз, – деді Андрей Ляпунов.

● БРИФИНГ

# «Тұмаудан өзге вирустар бар»

**Өткен жыл инфекциялық сырқаттанушылық бойынша эпидемиологиялық жағдай қанағаттанарлық деп бағаланды. Аса қауіпті карантиндік инфекциялар тіркелген жоқ. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің былтырғы жұмысын қорытындылаған департамент басшысы Юрий Залыгин осылай деді.**

***Жансая ОМАРБЕК,***
«Ortalyq Qazaqstan»

Былтыр қызылша бойынша эпидемиологиялық жағдай күрделенгені белгілі. Жүргізілген қосымша жаппай және толықтыра иммундаудың барысында 73 мыңға жуық бала егіліп, өткен жылдың шілдесінен желтоқсанына дейінгі аралықта аурудың тіркелуі бәсеңдеді.

Алайда, қабылданған шараларға қарамастан, көкжөтелмен сырқаттанушылықтың тіркелуі байқалды. Оның себебі – ұжымдық иммунитеттің төмендеуі. Бір жыл ішінде көкжөтелдің 306 жағдайы зертханалық расталды. Ауырғандардың көбі – вакцинацияланбаған балалар. Олардың үлесі 89%-дан асады. Аурудың ең көп тіркелген кезі – жаз мезгілі. Дегенмен, жылдың соңына қарай эпидемиологиялық жағдайдың тұрақтанып, ауырғандар саны екі есе азайды.

– Қазіргі уақытта ЖРВИ, тұмаумен сырқаттанушылық деңгейінің маусымдық өсуі байқалады. Эпидемиялық маусым басталғаннан бері облыста ЖРВИ-дің 54 мыңға жуық жағдайы тіркелді. Оның ішінде балалардың үлес салмағы 58%. Зертханалық расталған тұмаудың 59 жағдайы тіркелген. Оның ішінде А1 – 57 жағдай, А3 және В тұмаулары бір жағдайдан тіркелді, – деді Юрий Залыгин.

Спикердің айтуынша, аймақта тұмауға жатпайтын вирустар да айналымда бар. 2024-2025 жылдары ағымдағы маусымда ЖРВИ белгілері бар науқастардан 799 үлгі зерттелді. Негізінен риновирус (28%), респираторлық-сенцитиалды вирус (17%), парагрипп (10%) анықталды.

Департамент басшысы инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың алдын алу мәселеріне тоқталды.

– Облыс аумағында 2024 жылы тамақтану объектілерімен байланысты ботулизм және жаппай тамақтан улану жағдайлары тіркелген жоқ. Өнімді сату кезінде оның қауіпсіздігін бақылау мақсатында 2024 жылғы шілдеден бастап күшіне енген заң аясындағы актілерге байланысты профилактикалық бақылаудың жаңа нысаны ретінде бақылаумен сатып алу аясында іс-шаралар басталды. Микробиологиялық көрсеткіштер бойынша сәйкес келмейтін тамақ өнімдерін сату фактілері анықталуда. Бұл барлық анықталған сәйкес келмейтін өнімнің 20%-ын құрайды. Сынамалардың физикалық-химиялық көрсеткіштері таңбалау көрсеткіштеріне сәйкес келмейді. Яғни сауда объектілері қате таңбаланған өнімді қабылдап, сатуды жалғастыратынын көрсетеді. Бұл оның қауіпсіздігін қамтамасыз етпейді, – деді ол.

Негізінен сәйкес келмейтін өнімдер Қытай, Ресей, Чехия, Өзбекстан, Корея, Қырғызстан, Бангладеш, Ауғанстан немесе шығу тегі белгісіз басқа елдерде өндірілген және әкелінген.

Былтыр микробиологиялық көрсеткіштер бойынша ауызсу сынамаларының гигиеналық талаптарға сәйкес келмеуінің үлес салмағы 0,08%-ды құрады. Бұл республикалық көрсеткіштен 2%-ға төмен. Санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша ауыз судың сәйкес келмейтін сынамаларының үлес салмағы 1,8%. Сонымен қатар, атмосфералық ауаға 62 000-нан астам өлшем жүргізілді. Оның ішінде шекті-реттелген концентрациядан 597-сі (0,9%) асқан.

– Атмосфералық ауаның ластануынан халық денсаулығының бұзылуының қауіп факторларын анықтау үшін Қарағанды және Теміртау қалаларында қауіп-қатерді бағалау жүргізілді. Диоксид, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, формальдегид, фенол, шаңдату заттары және аммиак бойынша тыныс алу органдарына әсер ету бағытында жиынтық тәуекелдер (HI) 0,3-тен 1,0-ге дейін рұқсат етілген норма деңгейінде болды, – деді спикер.



Сурет ашық дереккөзден

Балалар арасында соматикалық сырқаттанушылықтың алдын алу – департамент қызметінің басым бағыттарының бірі. Былтыр білім алушылардың 98%-ы жыл сайынғы тереңдетілген медициналық тексерумен қамтылды. Медициналық тексерулердің нәтижелері бойынша ең көп жағдай көру органдарының патологиясына тиесілі – 64%, екінші орында – сколиоз, 22,5%, үшінші орында – жүйке жүйесінің патологиясы – 14%.

– 2023 жылмен салыстырғанда сколиозбен сырқаттанушылық 4,5%-ға өскен. Бұл көп жағдайда оқу жиһазының білім алушылардың өсу-жас ерекшелігіне сәйкес келмеуімен байланысты. Былтыр білім беру мекемелерін тексеру барысында оқу жиһазының жүргізілген өлшемдерінің 22%-ы нормативтерге сәйкес келмейтіні анықталды. Олқылықты жою үшін білім беру объектілерінің басшыларына тиісті ұсынымдар берілді, – деді ол.

Департамент басшысы сонымен қатар, облыстық білім басқармасымен бірлесіп, қала сыртындағы балалар сауықтыру ұйымдарының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету саласындағы нормативтік-құқықтық актілер талаптарының орындалуына бақылау жасайтындығын жеткізді.

# Салық игілігі – халық игілігі



Сурет ашық дереккөзден

**(Соңы. Басы 1-бетте).**

Әйтеуір, біздің мөлшер Ресей, Беларусь, Армениядан төмен екендігін нақтылайды дереккөздері. Ең төменгі мөлшерлеме Катарда (5%) болса керек.

Біздегі салық көп мемлекеттен аз болғанымен, 12%-дың да санаулы күні қалған секілді. Осы ақпан айының соңына қарай Еуропа елдерінің алдына шықпасақ та, көршілес Қырғызстан мен Өзбекстанды шаң қаптырғалы тұрмыз-ау...

Қосымша құн салығының тауар бағасындағы үлесін есептеп көрсету үшін қарапайым арифметикаға жүгінсек – жеткілікті. Мысалы, 30 000 теңгеге аяқ киім сатып алдыңыз делік. Бұл бағаға қосымша құн салығы қосылып есептеліп тұр. Яғни, бұл соманың 3 600 теңгесі бюджетке төленеді. Бұл – қазіргі 12%-дық ставкамен есептелгендегі баға. Ал, 20%-дық ставка кезінде әлгі 30 000 теңгенің 6 000 теңгесі мемлекет бюджетіне кетеді. Бірақ, кәсіпкер бұл етікті 30 000 теңгеге сатпауы мүмкін. Өйткені, ол оны Қытайдан немесе Түркиядан 18 000 теңгеге алған болса, тасымал шығыны жобамен әр етікке 2500 теңгеден деп алғанда етіктің өзіндік құны 20 500 теңге болып шыға келеді. Оған ғимараттың жалдау ақысы мен сатушының еңбекақысын қосыңыз. Міне, қомақты табыс тапқысы келген кәсіпкер ол етікті 35 000 теңгеге сатты дегеннің өзінде ҚҚС қарапайым тұтынушының қалтасын «ұрып» тұрған болып шыға келеді.

Тәуелсіз сарапшылар мен кәсіпкерлердің Үкімет бастамасына үдере қарсылық танытып жатқанының себебі – осы.

Сонда да, қос тараптың айтар уәж, келтірер дәлелін салмақтап көрелік...

### Жеті триллион жерде жатқан қаржы емес

Қарт тарихтың қатпарындағы деректер де, бүгінгі тәжірибе де ешқандай реформаның жеңіл қабылданып, ың-шыңсыз реттеле салмайтынын айтады. Мұндайда атам қазақ «Көш жүре түзеледі», – деген.

Ал, даму заңдылықтарына үңілер болсақ, кез келген өзгеріс (реформа) әлдебір қажеттілік пен мұқтаждық немесе ішкі мүмкіндік пен сыртқы ықпалдың әсерінен орын алатынын білеміз. Ал, Қазақстанда қосымша құн салығын 12%-дан 20%-ға көтеру қажеттілігі қайдан туындап отыр?

Біз қосымша құн салығының 20%-дық мөлшерлемесімен тұңғыш рет бетпе-бет келіп отырған жоқпыз. Бұрын (1995-2009 жж.) салықтың бұл түрін 20%-дық мөлшерлемемен мөлтектетіп төлеген елміз. Халық сол уақыттағы гиперинфляцияны қалай көтерді екен деп ойлаймыз кейде. Ғасырлар бойы бабалар арманы болған азаттыққа қол жеткізген елдің тарихи эмоциясы салықтың салмағына дес бермеген шығар деп ойлаймын өз басым.

Сонымен, кеше жасалған салық жеңілдігін бүгін қайтадан алып тастауға не себеп?

Жобаны ұсынушы тарап, яғни, Үкімет мұның бірнеше орнықты себебін алға тартады. Мәселен, бюджет тапшылығы. Дәл осы 2025 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс көлемі – 21,39 триллион теңге болса, шығыс көлемі – 25,19 триллион теңге болады деп болжануда. Нақтысын айтсақ, 4 триллион теңгеге жуық тапшылық тақымдап тұр. Аз қаржы емес. Нарыққа негізделген сметалық құнымен есептегенде, 3 мың мектеп салынбай қалады деген сөз. Немесе 4 триллион дегеніңіз – Қазақстандағы 2,5 миллион зейнеткердің бір жылдық зейнетақысы. Ал, бюджет кірісі мен шығысының теңгерімін қалыптастыру үшін тағы да Ұлттық қорға қол созамыз. Осы Ұлттық қордан жыл сайын олқы бюджетке трансферт ала беруді тоқтатудың басты жолы ҚҚС-ын өсіру екенін айтудан танбайды Үкімет бастамашылары.

Сонымен қатар, жобаны ұсынушылардың айтуынша, 20%-ға еселенген қосымша құн салығы әлеуметтік жобаларды жүзеге асырудың әбігерін шегереді екен. 28 қаңтарда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысынан кейінгі брифингте Премьер-Министрдің орынбасары-Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин:

– Егер реформа қазіргі жоба негізінде жүзеге асырылатын болса, онда халықты әлеуметтік қолдау көлемін арттыратын боламыз. Барлық бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбекақысы мен зейнетақыны индекстейміз, – деген болатын. Көңілге қонымды, құлаққа жағымды уәж. Соңғы екі-үш жылда қоғамда серпіліс тудырып, тынбай талқыланып келе жатқан салық реформасының түпкі мақсатына үңілсеңіз, халық игілігін арттыруға деген ұмтылысты аңғарар едіңіз. Солай бола тұра, бұл мәселе тамырынан талдап, соңғы шешімге дейінгі кезеңдегі пікір, ұсыныс атаулының барлығын жан-жақты таразылауды талап етеді. Бірде-бір пікір, бірде-бір сарапшылар сараптамасын назардан тыс қалдыруға болмайды. Өйткені, біздің қоғамда салықты жақсы көретін кәсіпкер жоқ, ал, «айқайға аттан қосып», елді дүрліктіруді жақсы көретіндер өте көп. Сол үшін әркімге талқыланып жатқан жобаның жай-жапсарын терең біліп, салмақты сараптама жасай алатын деңгейде ғана пікір айту керек шығар...

ҚҚС-ын 16%-ға көтеру арқылы мүмкін болатын игіліктің қатарында отандық өнім өндірушілерді, яғни, өңдеу өнеркәсібі саласына көрсетілетін қолдауды айтады бастамашы топ. Бұл қалай?




Инфографиканы жасаған Е.Кеңесбекұлы

> **Министрлік өкілдерінің тағы бір уәжі бар. Олар ҚҚС-ын 16%-ға өсірген жағдайда бюджетке қосымша 5-7 триллион теңге қаржы түсетінін айтады. Бұл дегеніміз – әлгі кіріс пен шығыс арасындағы 4 триллион алшақтықты толық жауып, бюджет қоржынына қосымша 2-3 триллион салатындай мүмкіндік. Әрине, жеті триллион жерде жатқан қаржы емес!**

Импортқа тәуелділіктен арылу үшін отандық өндіріс, оның ішінде өз шикізатымыздан өнім өндіріп, оны алыс-жақын шетелдерге экспорттайтын кәсіпкерлер ҚҚС-ынан босатылады. Жаңадан әзірленген Салық кодексі отандық бизнеске осындай қолдау көрсетпек. Ал, импортқа тәуелді кәсіпкерлер үшін ешқандай жеңілдік қарастырылмаған.

Министрлік өкілдерінің тағы бір уәжі бар. Олар ҚҚС-ын 16%-ға өсірген жағдайда бюджетке қосымша 5-7 триллион теңге қаржы түсетінін айтады. Бұл дегеніміз – әлгі кіріс пен шығыс арасындағы 4 триллион алшақтықты толық жауып, бюджет қоржынына қосымша 2-3 триллион салатындай мүмкіндік. Әрине, жеті триллион жерде жатқан қаржы емес!

### Тіркеудің шекті мөлшері шегеріле ме?

Әуелі, «тіркеудің шекті мөлшері» деген не? Осы сауалдың жауабын бере кетейік. Дәл қазір қолданыстағы салық заңнамасы бойынша жылдық айналымы 78 миллион теңге болатын бизнес нысандары ғана қосымша құн салығын төлейді. Бұл 78 миллион қайдан шықты, қалай есептелді? Заңға сәйкес, бұл шекті мөлшер АЕК-тің 20 мың еселенген көлеміне тең болуы керек екен. Оны да есептеп шығарайық. 2025 жылғы АЕК мөлшері 3932 теңге болып белгіленген. 20 000 х 3932 = 78 640 000.

Тағы да Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің мәлімдеуінше, еліміздегі 2 миллион 300 мыңнан астам салық төлеушінің тек 137,7 мыңы ғана қосымша құн салығын төлеуші ретінде тіркеліпті. Бұл – барлық салық төлеушілердің 6%-ы ғана. Осылардың ішінде ҚҚС-ын нақты төлейтіндері 88 мың ғана немесе барлық салық төлеушілердің 4%-ы.

Әрине, мына статистика рас болса, бүгін-ертең бюджеттің бүйірін шығару мүмкін емес. Шынымен де, бір амалын қарастырмаса, бюджет тапшылығы тапжылмайды. Енді Үкімет осы тіркеудің шекті мөлшерін 78 миллионнан 15 миллионға дейін шегеру керек деген ұсыныс айтып отыр. Сонда ҚҚС-ын төлеушілер қатары тағы 300 мың кәсіпкермен толығады екен.

Сонымен, Үкімет қосымша құн салығын көтеріп, шекті мөлшерді шегермекке не себеп екенін «соқырға таяқ ұстатқандай» етіп түсіндіріп-ақ жатыр. Ұлттық қордағы болашақтың бәсіресін қотара жұмсап, қордың түбін тықырламай-ақ тығырықтан шығудың жолы «ҚҚС-ын 20%-ға болмаса да, 16%-ға көтеру» және тіркеудің шекті мөлшерін шегеру дейді. Сонда ғана бюджетіміздің бүйірі шығып, жол салу, инфрақұрылымды жаңғырту, шағын және орта бизнесті қолдау, халықтың әлеуметтік ахуалын жақсарту деген секілді игілікке еркін қол жеткізеді екенбіз. Құп делік... Ал, оның салдары ше?

Салдарының салмақты болатынын сарапшылар мен кәсіпкерлердің өздері айтып, құдайдың зарын қылуда. Үкімет елді бюджет дағдарысынан арашалап қалатын жол осы дейді. «Былай тартсаң – өгіз өледі, былай тартсаң – арба сынадының» кері болып тұр. Бізде бірнеше жылдан бері бюджет тапшылығын оңтайландырудың бір ғана амалы қолданылып келеді. Ол – Ұлттық қордан қаржы алу. Ал, Ұлттық қор сауын сиыр емес қой. Мамандар оны дәл бүгінгі «тәбетпен сора беретін» болсақ, алдағы 10-15 жылда қордың түбі көрінетінін айтып, дабыл қағуда.

Сарапшы-экономист Андрей Чеботарев: «Алдымызда екі жол тұр. Бірі – «Бәрі жақсы» деп өзөзімізді алдап, тарифтер мен салық мөлшерін осы деңгейде ұстап, ұрпағымыздың ақшасымен, қарызданып өмір сүру. Екіншісі – тарифтер мен салықтарды көтеру. Әрине, мұны бірте-бірте, кезең-кезеңімен іске асырып, әлдеқайда ертерек бастау жеңіл болар еді», – дейді.

Сөйтіп, салық өсе ме, шекті мөлшер шегеріле ме? Бұл мәселе санаулы күнде, Парламент талқысынан кейін белгілі болады. Әзірге даурықпасақ та жарайтын шығар... Осы тұрғыдан алғанда Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік кіріс департаментінің өкілдері өте салмақты сабыр танытып, байсалды бағыт ұстанып отыр. «Біз – орындаушы органбыз. Жоғарыда не шешіледі, қалай шешіледі, біз солай жұмыс істейміз. Түпкілікті шешім қабылданғаннан кейін ғана біз түсіндіру жұмыстарын бастаймыз. Әзірге пікір білдіруге дайын емеспіз», – дегеннен әріге бармады. Біз түсіністік таныттық.

### Кәсіпкерлер «көлеңке іздеп» кетпей ме?

Өзекті тақырыпты талқылаудағы біздің мақсат – төрелік айту немесе ахуалды ушықтыру емес, әлеуметтік желі мен ел аузындағы алып-қашпа дақпырттың алдын алу. Сондай-ақ, сарапшылар мен сала мамандарының көңілге қонымды пікірлерін көлденең тарта отырып, оқырмандарға, яғни, қарапайым халыққа ой салу.

Талқылауға берілген уақыт – шектеулі. Шешім қабылданар шешуші сәтке де санаулы-ақ күн қалды. ҚҚС ставкасы өссе, тіркеудің шекті мөлшері шегерілсе, отандық бизнестің жүгі ауырлап кетпей ме? Бұл сұрақ әсіресе, кәсіпкерлерді қатты толғандырып отыр.

Қарағанды облыстық кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің мүшесі Сара Жүнісова: «ҚҚС-ын көтеру мен шекті мөлшерді азайту салық түсімін еселейді деген жай сөз. Бұл жағдайда бірқатар кәсіпкерлер «көлеңкелі экономика» режиміне көшіп, біршамасы жұмысын тоқтатады. Инфляция икемге көнбей, бағаның шарықтағаны сонда болады. Жұмысын тоқтатқан бизнес нысандарының қызметкерлері жұмыссыздар қатарын толықтырады. Оның арты әлеуметтік наразылыққа ұласуы әбден мүмкін. Одан да Үкімет бюджеттік дағдарысты болдырмаудың басқа да жолдарын қарастырғаны дұрыс деп ойлаймын. Мәселен, тиімсіз жобаларды қаржыландыруды азайту керек. Бұл туралы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың өзі қатаң талап қойды. Сондықтан, ҚҚС ставкасын көтерумен мәселе шешілмейтінін, одан да мемлекеттік органдардың ішкі мүмкіндігін қайта саралау қажеттігін қайталап айтамын», – деген пікірімен бөлісті.

> **«Әрине, тек салықтарды өсіру арқылы мемлекеттің экономикалық мәселесін шешу жөн болмайды. Бизнес біршама шығынға ұрынуы мүмкін. Мемлекет қосалқы шығындарды өтемақы ретінде өтеуге дайын»**

Жасыратыны жоқ, ресми дерек көздері жариялап жатқан сарапшылар пікірі тіркеудің шекті мөлшерін азайту көлеңкелі экономикаға жол ашып, инфляцияның бел алуына жеткізеді, «қосарланған бухгалтерия» қайтадан амалға көшіп, ірі компаниялар бірнеше ұсақ кәсіпорынға «айналып шыға келеді» деген салмақты уәж төңірегіне топтасып жатыр.

Қарағанды облыстық кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің сарапшысы Николай Абт та бұл реформаның ешқандай тиімділігі болмайтынын тілге тиек етті. Ол: «Салықты көбейтіп, шекті мөлшерді азайту деген бастама қымбатшылыққа алып келеді. Бағаның өсімі сәйкесінше сұраныс көлеміне кері ықпалын тигізеді. Ал, сұраныс азайған болса, онда несиеге малтыққан көптеген шағын және орта бизнес нысандары біржола құрдымға кетті дей беріңіз. Ал, ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу шегінің мөлшері азайған жағдайда салықтан жалтарушылар көбейіп, салық түсімі бұрынғыдан да азайып кетуі мүмкін. Елімізде енді ғана қалыптасып келе жатқан инвестициялық қолайлылық күрделеніп қана қоймай, мүлде жойылуы ықтимал. Сондықтан, бюджет тиімділігін арттыру үшін басқа амал қарастырған абзал», – дейді.

Ал, Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің ұстанымы бұл жобаның негізінде аса қауіптенетіндей ештеңе жоқ екенін меңзейді.

– Бюджет саясатында өзекті мәселе бар. Бұл үшін ҚҚС ставкасын көтеріп, сонымен қатар жұмыс берушінің әлеуметтік және міндетті зейнетақы төлемдерін азайту қажет. Қосымша салық түсімдері экономикалық өсімді ынталандыруға, инфрақұрылымның қарқынды дамуын қамтамасыз етуге және басым салалардағы перспективалы бизнес-жобаларды қолдауға бағытталатын болады, – деген уәж айтады Премьер-Министр. Ал Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин: «Әрине, тек салықтарды өсіру арқылы мемлекеттің экономикалық мәселесін шешу жөн болмайды. Бизнес біршама шығынға ұрынуы мүмкін. Мемлекет қосалқы шығындарды өтемақы ретінде өтеуге дайын», – деп, ҚҚС көтерілген жағдайда бұл өзгерістің инфляцияның құбылуына, тауарлардың 4%-дық қымбаттауына алып келуі мүмкін екенін мойындап отыр. Алайда, министр ҚҚС азықтүлік, басқа да әлеуметтік маңызы бар тауарларға және халыққа қызмет көрсету орындары мен базарларда сауда жасайтындарға еш қатысы болмайтынын да айтады.

### Біздің түйін

Әзірге нақты шешім қабылданған жоқ. Үкімет ҚҚС-ын өсіру туралы ұсынысын 20 ақпанға дейін Мәжіліс қарауына тапсырады. Мәселе әлі де талқыланып, пікірлер ескеріледі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2024 жылы өткен Үкімет отырысында: «ҚҚС-ын 12-ден 16 пайызға көтеру – түпкілікті шешім емес. Қазақстанда мүлдем басқа сипатқа ие болған ҚҚС-ының өзін де реформалау керек», – деген болатын.

Әрине, реформа қиындықсыз өтпейтінін қайталап айтқымыз келеді. Өзгерістің тиімсіз жақтары мен жағымсыз салдарлары қысқа мерзімге ғана қиындық тудырып, мемлекеттік қолдаулар нәтижесінде қалыпқа келіп жатқанын көріп жүрміз ғой. Бұл да солай болады деп сенейік.

Ел Президенті тағы бір сөзінде: «Қателесуге құқымыз жоқ... Жалпы, әрине, реформа қажет екенін растаймын», – деді. Бұл – үміттің ұшқыны. Бюджеттің тоқ болғаны – Үкіметке де, халыққа да маңызды. Олай болса, әлемді шарпыған геосаяси ахуалдың қолайсыз һәм күрделі кезеңінде ел ішіндегі мүдделер қайшылығына жол бермеген абзал екенін ойласақ екен.

Ең бастысы, салық – жаза емес, заңдылық.

● БАСПАСӨЗ ТУРЫ

# Болашақ бақшадан басталады

**Әр мамандықтың қыр-сырын балалар балабақшадан бастап үйренуде. Шахтинск қаласының «Салтанат» балабақшасына баратын балалар сондай, ізденімпаз. Олар үш бағыт бойынша қоршаған ортаны танып білуде. Жаңбыр қалай пайда болады? Температура деген не? Балалар осы және басқа да сұрақтарға жаратылыстану-ғылыми бағытта жұмыс істеу арқылы жауап табады. Ол табиғат әлеміне қызығушылықты оятады, қоршаған орта мен жануар дүниесіне ұқыпты қарауға баулиды. Физикалық-техникалық бағытта балалар энергияның қайдан алынатынын, компастың қалай жұмыс істейтінін, жарық пен дыбыстың не екенін біледі. Күнделікті өздері көріп жүрген құбылыстарды зерттейді. Ал, гуманитарлық бағытта балалар өздеріне қызықты деген тақырыптарды өз бетінше немесе ата-аналарының көмегімен зерделеп, кейін топта білгенімен бөліседі. Бұл жұмыстар «Ізденімпаздарға арналған керемет ғылым» жобасы аясында жүзеге асырылып жатыр. Жоба бала бойындағы қызығушылықты арттырып, таным көкжиегін кеңейтеді. Себебі, дәл осы мектепке дейінгі кезеңде баланың белгілі бір бағыттарға қызығушылығы пайда болып, болашақ мамандықтың негізі қаланады.**



*Жансая ОМАРБЕК,*
«Ortalyq Qazaqstan»

### Кәсіптік бағдарлау – бақшадан

Балабақшаның директоры Ирина Обердерфердің айтуынша, жоба балалардың ғана емес, үлкендердің де қызығушылығын оятады.

– Жоба бойынша балабақша 2021 жылдан бастап жұмыс істейді. Бұл негізінен халықаралық жоба болатын, ол Өзбекстанда және Украинада қолға алынған. Былтыр Қарағанды облысының білім беруді дамытудың жол картасына ендік. Біздің бес педагог оқыту семинарынан өтіп, балалармен жұмыс істеу бойынша халықаралық сертификаттар алды. Жоба 4 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналған. Мұнда ақпараттық, материалдық-техникалық база мол. Балалар жобаға аса қызығушылықпен қатысады. Бұған ата-аналары да разы.

Өзін «аға ғылыми қызметкермін» деп таныстырған «Жемчужинка» тобының тәрбиешісі балаларды қызықты ғылым әлеміне баулып жүр. Балалар аға ғылыми қызметкердің айтуымен зертхананың қауіпсіздік ережесін жарыса қайталады. «Зертханада жүгірмеу, бір-бірін итермеу, айтқанға дейін ештеңені қолмен ұстамау және ең бастысы ауызға ештеңе салмау». Балалар тәрбиешінің нұсқауымен «Химиялық бұлттар» зерттеуін жасауға кірісті. Кәдімгі ұнның үстіне ас содасын салып түрлі түске боялған су тамшыларын тамызса, ол жер жарылғандай көбіреді. Химиялық реакция нәтижесінде түрлі-түсті «бұлттар» пайда болды. Балалар пайда болған «бұлттарын» аса қызығушылықпен тамашалады. Тәжірибенің оларға ұнағаны бірден анық байқалды.

Бүгінгі таңда жобаға 100 шақты бала қатысып жүр.

– Сонымен қатар, біз мектептермен сабақтастықты ұстанамыз, біздің тәрбиеленушілеріміз экскурсияға барып, танысады. Бұл балалардың болашақта ғылымды терең зерделеуге біртіндеп көшуі үшін қажет. «Ізденімпаздарға арналған керемет ғылым» жобасы балалардың химия, физика, биология сияқты ғылыми пәндерге қабілеттерін анықтауға және осы бағыттағы дағдыларын дамытуға көмектеседі. Оған көптеген тәжірибелік-эксперименттік қызметтер енгізілген. Балалар тәжірибеге қатыса отырып, физика, химия заңдарын, инженерлік механизмдерді меңгереді. Мектепке дейінгі балаларды ерте кәсіптік бағдарлау осылай жүреді. Тәрбиеленушілер өздерін зерттеуші ретінде сынап көреді. Бұл олардың болашақ мамандықтарына қарай жасаған алғашқы қадамы болуы мүмкін, – деп есептейді Ирина Обердерфер.

Оның айтуынша, балабақшадан бастау алған жоба кең өріс алуда. Аймақтың басқа балабақшаларынан келіп, шеберлік сағаттарына қатысып, тәжірибені бөлісуге ниетті педагогтер бар. Алғашқыда арнайы Жол картасына мектепке дейінгі 9 ұйым енген болатын, былтыр тағы 11 мекеме кірді. Қазір жобаға Оқу-ағарту министрлігінде де қызығушылық танытып отыр.

### Автокартинг жанданады

Кәсіптік бағдарлау Шахтинск қаласының Оқушылар сарайында да жан-жақты қолға алынған. Мұнда 4-18 жас аралығындағы екі мыңнан астам бала мен жасөспірім 145 үйірмеге қатысады. Кәсіптік баңдарлаудың 11 бағыты жұмыс істеп тұр. Оқушылар сарайы 2020 жылы балалар мен жасөспірімдер орталығын қайта құру негізінде пайда болды. Оған мектепаралық оқу-өндірістік комбинаты қосылып, жаңа мекеменің оқушыларға беретін мүмкіндіктері артты. Ал, келесі жылында мұнда Кәсіби құзыреттілік және мансаптық өсу орталығы өз жұмысын бастады. Орталық түлектерді кәсіби



бағдарлау және жұмысқа орналастыру бағыттары бойынша қызметті ұйымдастыру мақсатында құрылды.

Кәсіби құзыреттілік және мансаптық өсу орталығында екі педагог-кәсіби бағдар беруші және психолог жұмыс істейді. Кәсіби бағдар беру кезінде мамандар әртүрлі әдістер – сауалнамалар, тесттер, ойындар, тренингтер арқылы жеке және топтық форматта психологиялық диагностика жүргізеді. Психологиялық диагностика барысында адамның жоғары жүйке қызметінің ерекшеліктері, қызығушылықтары мен мотивтері, құндылық бағдарлары, мамандық таңдаудағы көзқарастары зерттеледі. Соңында кәсіби кеңес беріледі. Психологиялық диагностикадан кейін екінші маман жасөспірімге қалаған мамандығын таңдау үшін жоғары оқу орындары мен колледждер туралы ақпарат береді.

– Кәсіби диагностикалық іс-шаралар, түрлі сауалнамалар, ашық есік күндерін, ата-аналар жиналыстарын өткіземіз. Психологиялық диагностика жеткіншектің қандай бағыттарға қызығушылығы бар екенін, не нәрсеге икемді екенін көрсетіп береді. Соған сәйкес мамандық таңдауға кеңес беріледі. Сонымен қатар, Қарағанды облысының оқу орындары мен кәсіпорындарына экскурсиялар ұйымдастырамыз. Мұндай жұмыс балалармен ғана шектелмейді, ата-аналарымен де жалғасады, – дейді Кәсіби құзыреттілік және мансаптық өсу орталығының меңгерушісі Марина Морозова.

Оқушылар сарайында 10-11 сынып оқушылары үшін «Болашақты таңдау» бейіндік дайындық бойынша қалалық шығармашылық жоба іске асырылуда. Оқушылар сарайының директоры Ирина Шмиктің айтуынша, «Болашақты таңдау» жобасының мақсаты – балаларға танымдық және кәсіби дамудың кең спектрін көрсету, болашақ кәсіби қызметте табысқа жеткізетін негізгі құзыреттерді үйрету.

– Оқыту «Көлік ісі», «Көлік жөндеуші слесарь», «Ас даярлау технологиясы», «Медициналық білім негіздері», «Шаштараз-әрлеуші», «Киім дизайны», «Құтқарушы», «Психологиялық-педагогикалық қызмет негіздері», «Масс-медиа» бағыттары бойынша жүргізіледі. Түрлі бағыттағы үйірмелерге 600 бала қатысады. Әрине, әрқайсысы өзі таңдаған үйірмесіне барады, – дейді Ирина Шмик.

Мәселен, «Құтқарушы» үйірмесіне қатысушылар мамандықпен танысады, құтқарушы қызметіндегі негізгі ереже-талаптарды үйренеді. Ұнатса, әрі қарай оқуына түседі.

– Бұл үйірмеде оқушылар тау-тасқа өрмелеу, арқан байлау түрлері мен техникаларын, жергілікті жерді бағдарлау, топографиялық белгілерді үйренеді, – дейді Оқушылар сарайындағы туристік-өлкетану қызметі бөлімінің басшысы Александр Шилов. – Туризм бағытының толық кешені бар. Тау туризмі техникасы, жаяу жүргінші техникасы, құтқарушы. Түрін балалар өздері таңдайды. 8 жастан 18 жасқа дейін қатыса алады.

«Көлік ісі» үйірмесінің жұмыс істеп тұрғанына 40 жылдан асты. Үйірменің оқушыларға берері мол. 10-11 сыныпта 2 жыл оқып шыққан оқушы «В» категориялы көлік жүргізуге құқық беретін жүргізуші куәлігін алып шығады. Үйірме жетекшісі Маурат Сәрсекеевтің айтуынша, үйірме автомектептер қауымдастығының құрамына енген.

– Тиісті тексерістер болып тұрады. Арнайы бағдарламасы бар. Жай ғана үйірме емес, оқушыларға арналған автомектеп деуге болады. Мұндай мүмкіндік Қазақстанның барлық жерінде жоқ. Шахан, Долинка, Новодолинка кенттерінің мектептеріне де барып оқытамыз. Практикалық сабақтар арнайы сатып алынған көлік макетінде жүргізіледі, – дейді оқытушы.

Ирина Эсперовна бұл бағыттың балалар арасында танымал екенін айтты. Жоғарыда аталған ауыл мектептерінен басқа Шахтинск қаласындағы мектептердің оқушылары аса қызығушылықпен қатысады.

Аталған бейіндік бағытқа қатысушылардың бірі – Ә.Бөкейхан атындағы мектеп-лицейінің 10 сынып оқушысы Дулат Мұрат.

– Бұл профильді таңдаған себебім, көлік жүргізген ұнайды. Екі жыл уақытты босқа жоғалтпай оқи берейін деп шештім. Оған қоса, оқу тегін. Қазір ережелерді өтіп жатырмыз, – дейді ол.

Мұндағы әр бейіндік бағыт тұтас блоктардан тұрады. Мәселен, «Көлік ісі» немесе «Көлік жөндеуші слесарь» бағыттары балабақшадағы «Бағдаршамдар елі» жобасынан бастау алады. Одан кейін «Жас қозғалыс инспекторлары», соңыра «Жас автомобилист» жобаларына жалғасады. Яғни, кез келген бағыт бойынша балабақшадан басталып, мектепте және сосын колледжде жалғасатын сабақтастық байқалады. Бұл баланың кішкентайынан неге қызығатынын, кім болуға ұмтылатынын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл орайда 2022 жылдан бастап қолға алынған мектептердегі арнайы сыныптар жобасы да тиімді. Бүгінде медициналық сынып, педагогикалық және экосыныптар қаланың бірқатар мектептерінде бар.

– Медициналық сынып аясында Шахтинск қаласының ауруханасымен келісімге қол қойылды. Балалар экскурсияларға барады, дәрігерлермен кездеседі. Дәрігерлердің өздері де келеді. Осы уақытқа дейін тіс дәрігерлері, терапевт, гинеколог мамандар келіп кетті. Колледждермен және медициналық ұйымдармен жұмыс істейміз. Былтыр медициналық сыныпқа барған 15 түлек медициналық мамандықтарға грантпен оқуға түсті, – деп атап өтті Шахтинск қаласының білім бөлімінің әдіскері Сайра Сағадиева.

Шахтинск қаласының білім бөлімінің басшысы Николай Онсовичтің айтуынша, өңірде ерте кезден кәсіптік бағдарлау бағдарламасы бар.

– Балаларды кәсіпке баулуды мектепке дейін бастаймыз. Бұл жұмыс бес жыл бұрын басталған. Шахтинск технологиялық колледжі мен қаланың балабақшалары арасында ерте кәсіптік бағдарлау бойынша меморандум жасалды. Оның алдында 4 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналған робототехника жобасын енгізу болды. Ол бес жыл бойы жүргізілді. Енді жұмыс қазіргі Оқушылар сарайындағы оқу-өндірістік комбинаттан қалған материалдық базаны сақтауға бағытталады. 10-11 сынып оқушыларының барлығы мектепті бітіргеннен кейін жұмыс мамандығын алуға міндетті. Биыл облыс әкімдігінің қолдауымен «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында Қарағанды өңірінде алғаш болып мектеп автокартодромын ашу жобасын жүзеге асырамыз, – деді Николай Онсович.



Картинг ең алдымен автомокөліктердің динамикасы мен құрылысының негіздерін зерттеуге ықпал етеді. Бұл білім балаларға, әсіресе техникалық жоғары оқу орындарында оқуды жоспарлап отырғандарға пайдалы болмақ. Шахтинск қаласының 11-сынып түлектерінің 50%-дан астамы Қарағанды техникалық университетіне түседі екен.

Жаңа автокартодром Оқушылар сарайының базасында орналасады. Білім бөлімінің басшысы жер мәселесінің шешілгенін, 10 көлік пен қажетті жабдық сатып алуға қаражат бөлінгенін жеткізді.

– Мамандар, сонымен бірге, сегіз гараждан тұратын база бар. Ғимаратты жөндеу, жаңа қоршау және автодром жабынын жаңарту жоспарланған. Картинг Шахтинскіге қайтып келуі тиіс, себебі бұл спорт түрі әрдайым сұранысқа ие. Ал, оқушылар арасында техникалық пәндерге деген қызығушылық арта түсуде, – деді ол.

### Технология күнделікті өмірде

Николай Онсович атап өткен жоба «ТехноМалыш» деп аталады. Ол балалардың ерте жастан бастап техникалық пәндерге қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған. Бұл болашақ кәсіби бағдардың іргетасын қалайды және елдің кадрлық әлеуетін дамытуға ықпал етеді. Жоба аясында Сарандағы «Silk Road Electronics» ЖШС мамандары мен Шахтинск технологиялық колледжінің студенттері радиоконструкциялар құрастырып шықты. Олар мектеп жасына дейінгі балаларға электроника мен бағдарламалау негіздерін игеруге көмектеседі. Балалар қарапайым электронды құрылғыларды: радиоқабылдағыштарды, дабыл бергіштерді, шамдарды өз бетінше жинап, баптай алады. Одан әрі күрделі жобаларға көшу арқылы балалар ақылды үйдің макетін құрастырады. Бұл тәсіл балаларда техникалық ойлауды дамытып қана қоймай, қазіргі заманғы технологиялар туралы түсінік алуға мүмкіндік береді. Мұндай радиоконструкторларды біз болған «Салтанат» балабақшасының балалары пайдаланып жүр.

– Әрине, балаларға ұсақ заттар берілмейді. Сондықтан, оларға жұмыс істеу оңай болатын нәрселерді жасаймыз. Радиоконструкцияларды біздің студенттердің тобы әзірледі. Қазір жоба іске асырылып жатыр. Түрлі-түсті бояу кітапшалары қоса жүреді. Ол бойынша балалар құрастырады, ал тәрбиешілер үшін әдістемелік құрал бар. Біз жүргізген сауалнамаға сәйкес сегізінші сынып оқушыларының тек 26%-ында техникалық ойлау қабілеті бар. Қазіргідей технологиялар дәуірінде бұл аз. Сондықтан да, техникалық ойлауды дамытатын жобалармен жұмыс істейміз. Біз «Мектеп-колледж-ЖОО-жұмыс беруші» үздіксіз кәсіптік білім беру жүйесін құрып жатырмыз, – дейді Шахтинск технологиялық колледжі директорының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары Валентина Тарасова.

Оқу орнының облыс кәсіпорындарымен ынтымақтастығы берік. Колледждің әлеуметтік серіктестері – «Kazcentrelectroprovod» ЖШС, «Qarmet» АҚ, «Silk Road Electronics» ЖШС. Онда студенттер өндірістік практикадан өтеді. Жалпы, дуальді оқыту аясында колледж 19 кәсіпорынмен жұмыс істейді. Сондай-ақ, жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын орындайды. Мысалы, шахталар үшін жыл сайын 25 маман даярланады. Орта есеппен түлектердің жұмысқа орналасуы 85% шамасында. Ресей және Беларусь колледждерімен халықаралық ынтымақтастық та жолға қойылғанын, соның негізінде студенттердің академиялық ұтқырлығы мәселесі қаралып жатқанын айтты колледж директоры Әлия Сәттібаева.

– Бізде Қарағанды облысының бірде-бір колледжінде жоқ мамандықтар бар. Мәселен, траволаторларды, эскалаторлар мен лифтілерді жөндеу бойынша шеберлерді даярлаймыз, – деген Әлия Рахымбекқызы 4 қабатты лифтінің макетін көрсетті. – Мұнда әртүрлі ақаулар беріледі, студенттер оларды анықтап, жоюға тиіс. Сонымен қатар, Қызылорда-Астана газ құбырына шеберлер даярлап шығамыз. Бізде сыныптарда әр кәсіпорында жоқ заманауи жабдықтар бар.

Білім басқармасының бөлім басшысы Гүлдана Нұрсұлтан жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын Мемлекет басшысының өзі айқындап бергенін айтып отыр. Сондықтан, бұл бағытта өңірде көп жұмыс атқарылуда.

– Балабақшада көрген «химик» балалардың ертең биолог немесе дәрігер болуы – ерте кезден кәсіптік бағдарлау нәтижесі. Мектептерде педагогикалық, медициналық, агросынып жобалары іске асырылуда. Барлығы болашақта мамандық дұрыс таңдауға ықпал етеді, – дейді маман.

Арнайы сыныптары бар мектептер саны Жол картасына сәйкес жыл сайын ұлғаюда. 2022-2023 оқу жылында жобаға 20 мектеп, 2023-2024 оқу жылында 40 мектеп қосылды. Былтыр облыстың 60 мектебі мен 5 педагогикалық колледжі жоба қатысушысы болса, биылғы оқу жылында тағы 25 мектеп қосылмақ.

Суреттерді түсірген
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**



● ПУБЛИЦИСТ, ӨЛКЕТАНУШЫ ЖОМАРТ ОСПАН – 60 ЖАСТА

# Азамат асуы

**Ерсін МҰСАБЕК,**
«Ortalyq Qazaqstan»



Тіл-көзден сақтасын, жорға қаламды журналист, өрелі өлкетанушы Жомарт Оспанды асқаралы алпыс жасқа келді дегенге сенетіндер қатары сирек-ау... Құжатына бір қарап, тұрпатына мың қарап, аң-таң боларыңыз анық. Осындайда еске түседі екен, ертеректе бір қаламгер ағамыз 60 жасқа келіп, қаламдас көкелерінің бірін мерейтойына шақыра барған екен. Сонда әлгі ағасы:

– Бұрын 60-қа шалдар келуші еді, қазір бала-шаға келетін болған ба? – депті таңданысын жасыра алмай. Сол айтқандай, менің Жомарт ағам да аяқ астынан алпысқа келіп, айналасын абдыратып тастады. Ел газеті «Егеменнен» бастап, Арқаның бас газеті «Орталық» бар, Жомарт ағаның қолтаңбасы қалған бірнеше аудандық, қалалық басылымдар бар, бәріміз әбігер болып жатырмыз. Жаңағы қаламгер ағамыз айтпақшы «бұрынғыша» ойласақ, менің бұл жазбамның айдары «Ақсақал асуы» болар еді... Амал жоқ, «Азамат асуы» деп айдарладым да, қаламыма қамшы бастым.

Ардақты ағаның боямасыз болмысын, сымдай тартылған сымбатты тұрқы мен Арқаның ақ самалындай аңқылдаған кең пейіл, кемел келбетін, шығармашылық жолдағы жинақылығы мен еңбекқорлығын, көңілінің таңғы шықтай тазалығын ойымнан бойыма көшіріп жатырмын. Яғни, бастан – жүрекке қондырып... Жақсы аға жайлы жарым лепес жүректен шықсын деген пиғыл ғой – менікі.

Жомарт Қызбалаұлының болмысындағы тектілік, жан дүниесіндегі мөлдірлік бастауы тұнық кәусар бұлақтай болатын себебі бар. Ол – жазиралы Жаңаарқаның ең шұрайлы да, құйқалы мекені Қараағаштың тумасы. Қараағаш – ну орман, ғажап табиғатымен ғана емес, өзінде туған текті ұлдарымен даңқы шыққан қасиетті мекен. Кешегі «Жақсылардың соңы» атанған Телғозының Шоңы билік құрып, Төлебай сал төрелік айтқан қастерлі топырақ. Одан беріде академик Серік Қирабаев, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Қани Мұсылманбеков, республикаға белгілі дәрігер, қоғам қайраткері Әбілхакім Ақмурзин, спорт саңлағы, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Диханбай Биткөзов, ақын-жазушылар Жақан Смақов, Сайлаухан Нәкенов, Болат Асанов, Базарбай Әлеуханұлы, Кенжебай Ахметов, Төлеген Жаманов секілді тектілердің алтын бесігі болған киелі қоныс. Осы топырақта кіндік қаны тамып, кіл жақсының жалғасы болып өмірге келген Жомарттың жолынан жампоздықтың жоралғысын іздеуге һақымыз бар шығар...



**«Орталық Қазақстан» газетінің ұжымы жазушы-ғалым Ақселеу Сейдімбекпен бірге. 1997 ж.**

Айтпақшы, тілімізге тиек болып отырған осы тізімге Жөкеңнің өз әкесі марқұм Қызбала қарияны қосуға болар. Өлке тарихын жатқа біліп, қазақтың шерлі шежіресін таңды-таңға ұрып шертетін абыз еді. Әңгімені өз төңірегінен төгілдіре бастап, Арқадан Бетпақдалаға дейінгі өңірді шарлап кеткенде, тыңдаушының өзін шалдықтыратын. Ақсақалдың әсерлі әңгімесіне елтіп кеткенің соншалық, жүйрік қиялыңмен Қараағаштағы «Есен тоғайынан» шығып, «Шоңның Қызылағашын» кезіп кетесің. Бабасы Бұзау болыс туралы айтқанда, буырқанған селдей жөңкіліп, тыңдаушы Сарысуды жағалап, сұңқар Сәкеннің сонарымен Қаратау асып кетеді. Қара Нұра мен Есенді бойлай отырып, Ертіс-Баянға бастап кететін әңгімелері де керемет еді. ҚарЛАГ-тың қасіретін шерткенде, Сәкеннің әкесі Сейфолланың сүйегін басып кететіндей тұла бойың дірілдейді-ау... Қызбала ақсақалдың шерткен шежіре, күбіден жаңа қотарған балғын қымыздай бапты әңгімесіне қанбай қайтасың ғой... Қарияның көзін көрдім. Сан мәрте сәлем беріп, батасын алдық. Әңгімесін тыңдадық. Зерделі қарияның сергек жаратылысын алтын көмбеге балайтын едік. Ендеше, Жомарт аға – сол алтынның сынығы, асылдың көзі. Жаңаарқалықтар Оспановтар әулетін сөз қонған, өнер дарыған әулет ретінде керемет құрметтейді. Әкесінің әлеуетін біршама әңгімеледік. Үлкен ағасы Бекен марқұм бұрынғы Жезқазған облысын мойындатқан шебер өнерпаз болатын. Ол кісінің игермеген аспабы жоқ еді. Екінші ағасы Атымтай марқұм да сөз ұстаған, қаламы жүйрік зергер еді. Кеңес дәуірі кезінде аупартком мен ауаткомда жауапты қызметтер атқарып, сегіз жыл бойы аудандық «Жаңаарқа» газетінде бас редактор болды. Студент кезімізде ел жаққа жол түсе қалса, жазған-сызғандарымызды арқалап Атымтай ағаға барушы едік. Жазғы демалыстан қайтқанымызша, аудандық газетте жарық көрген дүниелеріміз үшін әжептәуір қаламақы алып, қалтамызды нығыздап алатынбыз.

Үлкен апасы Оркен марқұмның да шарапатын көп көрдім. Ол кісі мен оқыған Жезқазған университетінде кадр бөлімінің жетекшісі болды. Сессия кезінде қаһарына ілініп қалған ұстаздарымыздың соңына Оркен апайды салып, өзіміз сайран саламыз. Апай қаһарлы оқытушының «ашуын басып» бізге деген көзқарасын өзгертіп қоятын. Бұл әулеттегі болашақ әріптесім Жомарт ағамен ғана сирек араласып, амандығын алыстан біліп жүрдік.

...Жалпы, Жомарт Қызбалаұлын «Орталықтың» оқырмандарына ежіктей таныстырып жатудың өзі артық. Ол – «Орталықтың» өз ұлы. «Мылтықсыз майдандағы» жорығын «Қарағанды жастары» («Замандас») газетінде бастаған демесеңіз, Жомарт аға қаламының жорғалығы мен жауһар жазбалары «Орталық Қазақстан» газетінде қызмет атқарған жылдарында (1992-1998 жж.) танылған. Жастар басылымында қалыптасу кезеңінен өткен талантты ұлдың асау қалам, албырт шағы аймақтың бас газетінде шығармашылық тұрғыдан шыңдалу дәуірін басынан өткерді.

«Орталықта» қызмет атқарған жылдарында Рымқұл Сүлейменов, Марал Хасенов, Аман Жанғожин, Тілеуқабыл Байтұрсын, Айқын Несіпбай, Мағауия Сембай, Сүйіндік Жанысбай, Сәбит Бексейіт, Серік Сексенұлы, Аманжол Ақын, Ержан Имаш, Төлеубай Ермекбаев сынды Арқа журналистикасының алыптарына ізбасар болып, сөз өнерінің айтулы мектебінен өтті.

Негізі, Жомарт Қызбалаұлы – айналасы мықты, журналистикадағы жолы құтты болған қаламгер. Досқа да, ұстазға да жарыған азамат. Қарағанды университетінде бірге оқыған курстас, қаламдас достары да – бүгінде елге танымал ақын, қаламгер, ғалымдар. Олар – Елеужан Серімов, Қойлыбай Асанов, Зәмзәгүл Жуынтаева, Әлімжан Жақан, Қайрат Әбілда, Мархаба Тұрсынова...

Секретариатта тәжірибе жинақтап, әбден шыңдалған Жөкеңнің мықты макетші екеніне кейін көзім анық жетті.

2007 жылы Қаражал қалалық «Қазыналы өңір» газетіне бас редактор болып тағайындалдым. Қызметке кіріскен бетте штаттық кестені алдырып, қызметкерлер тізіміне үңілсем, «Жомарт Оспан – шығарушы редактор, редакцияның баспаханадағы өкілі» дегенді көзім шалды. Мен білетін Жомарт аға – Қарағандыда. Сонда мынау Жомарт Оспан Қаражалда не істеп жүр? Ол кезең газет өндірісі компьютерлік беттеуге енді ғана қол жеткізіп, бұрынғы «қорғасын дәуірінен» өркениет әлеміне қадам басып жатқан уақыт еді. Менің Жомарт ағам редакциядан жіберілген материалдардың кекілін тарап, сақал-мұртын бастырып, облыс орталығындағы «Арко» баспаханасында отырып беттейді екен. Қатты қуандым. Компьютер тілін меңгере қоймаған, тіпті, оған қай жағынан жақындауын білмейтін кезім ғой. Біздің макетсіз жіберген мақалаларымызды қабылдап алып, беттерді эстетикалық талғаммен безендіріп, «қыздың жиған жүгіндей» қылып жіберетін жауапты орында жанашыр ағаның отырғаны қандай жақсы?!

Екеуміз жақын араласа бастаған шақта мені Жомарт ағаның шығармашылық жұмыстағы тиянақтылығы мен тау қозғалса тапжылмайтын сабыры еріксіз баурап алды. Көркем мінез, көшелі болмысқа бай адам қандай болады десе, мен Жомарт ағаны көрсетер едім. Кейінгі жылдары өлкетану ісіне ден қойып, осы өңірдегі ауылдардың бай тарих, көне шежіресін хатқа түсірудің өзіндік үлгісін қалыптастырып, бірнеше жинақ шығарды. Бұл сериялық кітаптарды белгілі өлкетанушы, тіл жанашыры, ел мен жер тарихының терең білгірі, марқұм Ібірахым Ісләмовпен бірлесіп жазып шықты. Екеуінің авторлығымен жарық көрген «Өспен: ел мен жер шежіресі», «Қасиетті мекен Қараағаш», «Ақтауым – атамекенім», «Ақтүбек – алтын бесігім», «Мерейлі мекен Мойынты», «Қырандар ұшқан Қызылтау», «Толағай – тектілер тұғыры» атты толымды жинақтар мен Жомарт аға жауапты редакторы болған «Жаңаарқа», «Нұра», «Әбілқас Сағынов» энциклопедияларын ұлт руханиятына Оспанов салған орасан олжа деп бағалауға әбден болады. Сондай-ақ, Жөкең Қарағанды «Болашақ» университетінің бастамасымен жарық көрген «Сәкен Сейфуллин», «Қаздауысты Қазыбек», «Бұқар жырау» энциклопедияларының сапалы жарық көруіне елеулі үлес қосты.

«Қарағанды жастары», «Орталық Қазақстан» басылымдарынан кейін әр жылдары Абай аудандық «Абай Ақиқат» газетінде бас редактор, «Болашақ» университеті жанындағы редакциялық-баспа бөлімінде, Орталық Қазақстан гуманитарлық ғылыми-зерттеу институтында, Қарағанды облыстық мәслихатында жауапты қызметтер атқарған қарымды қаламгер, қадірлі әріптес Жомарт Қызбалаұлы бүгінде еліміздің бас басылымы «Егемен Қазақстан» газетінде қызмет етіп жүр. Газеттің жетекші бөлімдерінің бірін басқарады. Қазақстан Журналистер одағының, Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі, Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің және бірқатар мерекелік медальдардың иегері. Абыройдан кенде емес. Алайда, өзі ресми марапаттан халқының құрметі мен оқырмандарының ыстық ықыласын жоғары қояды.

Отбасында – адал жар, ардақты әке. Алтын асығы Жарасқан Қарағанды қаласындағы Мағжан гимназиясын «Алтын белгімен», Қ.Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық университеттің мұнай-газ институтын қызыл дипломмен бітірген. Қазір «QazaqGaz» ұлттық компаниясында қызмет етеді. Қызы Наземке Еуразия Ұлттық университетін «Туризм ісі» мамандығы бойынша үздік бітіріп, Елордадағы туристік агенттіктердің бірінде жұмыс істеп жүр.

...Сөз басында Жомарт ағаның сырбаз бітімін сымдай тартылған деп қалдық қой... Иә, өмір белесінің асқаралы асуын сергек бағындырып отырған аңқылдаған ағаның, жарқылдаған талант иесінің тағдыр жолында да, тал бойында да өзі ұялатын да, кемел болмысын кейіптеп отырған біз ұялатын да сөкеттік жоқ.

Бұл күнде сымдай тартылған
Жүрегім, жүйкем, бар тұлғам.
Айныма осы қалпыңнан,
Айныма осы қалпыңнан! –

деп жырлаған мұзбалақ Мұқағалидың өзі қырық бестің қырынан аса алмаған. Мұқағалидың жасынан асып, азамат асуына көтерілген абзал ағаға «Айныма осы қалпыңнан» деп, ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс тіледік.

● ИНВЕСТИЦИЯ – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

# Көбетей көріктенуге бет бұрды

**Нұра ауданының орталығынан 25 километр қашықтықта, өңірге атауын берген өзеннің оң жағалауында орналасқан Көбетей ауылы еліміз тәуелсіздік алған кезде ауыл шаруашылығында сауатсыз жүргізілген реформалардың салдарынан қатты күйзелген елдімекеннің бірі болатын.**

**Ермек БАЛТАШҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұрынғы совхоз таратылған соң мұндағы тұрғындардың бірсыпырасы тарихи отандарына оралса, кейбірі «екі қолға – бір күрек» іздеп, Астанаға қоныс аударды. Әйткенмен, соңғы жылдары Көбетейдегі адамдардың өмірінде оң өзгеріс бар. Себебі, экологиялық таза өнімдерге, оның ішінде, еліміздің агрокешен саласы өндіретін азықтүлікке сұраныс уақыт өткен сайын арта түсуде. Көбетей ауылында салынып жатқан «Рамадан сүт фермасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі халықтың осы сұранысын қанағаттандыратын кәсіпорындардың бірі болады деген үміт бар.

Әңгіме болып отырған «Рамадан сүт фермасы» ЖШС инвестициялық жобасының құны – 4 миллиард 825 миллион теңге. Оның тең жартысына жуығы, яғни, 2 миллиард 70 миллион теңгесі құрылыс-монтаж жұмыстарына, 1 миллиард 292 миллион теңгесі сүт фермасына қызмет көрсететін техника мен жабдықтар алуға, 1 миллиард 463 миллион теңгесі асыл тұқымды мал сатып алуға жұмсалады деп жоспарланған. Ақшаның 2 миллиард 755 миллион теңгесі инвестор қосатын үлес болса, қалғаны кәсіпорынның есебінен жұмсалмақшы.

Жобаны жүзеге асыру 2023 жылдың шілдесінде басталған болатын. Осы күнге дейін кәсіпорын 1 миллиард 500 миллион теңге дербес қаржысына құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуде. «Рамадан сүт фермасы» ЖШС биылғы маусым айында пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік іске қосылғанда мұнда 1100 бас голштино-фриз тұқымды сүтті сиырды жемдеп ұстау көзделген. Қабылданған технологияға сәйкес, күн сайын 880 сиыр сауылып, тәулігіне орта есеппен 27 тонна сүт өндірілмекші. Кәсіпорын толық күшіне енген кезде жыл сайын 9 мың тонна өнім береді дейді жобалаушылар. Фермаға мал әкелу осы жылдың мамыр айында басталып, 2026 жылдың ақпанында ол толық қуатында өнім бермекші.



Ферма іске кіріскенде мұнда 53 жаңа жұмыс орны ашылмақ. Оның сыртында жыл бойы қолға қарайтын, алдынан жемшөп арылмайтын 1100 бас сауын сиырды құнарлы азықпен қамтамасыз ету үшін жүздеген гектар суармалы алқаптар өңделіп, онда қаншама адам еңбек ететінін ескерсек, Көбетейдің көркі кіретін күн алыс емес.

Бүгінгі таңға дейін сиыр қоралардың металл каркастары құрылып бітті. Сиырларды сауу, сүтті суыту блогын құрастыру да толық аяқталды. Нысанға электр қуатын жеткізу желісі тартылған. Дәл қазіргі кезде тауарлы сүт фермасын жабдықтау қызу жүріп жатыр.

**Нұра ауданы**

Сурет **автордан**

● ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

# Инженерлер дәуірі келді

**Қазіргі таңда Қазақстанда техникалық мамандықтарға сұраныс артып келеді. Өнеркәсіптің дамуымен бірге тау-кен ісі, металлургия, машина жасау және басқа да салаларда білікті инженерлердің қажеттілігі айқын сезілуде. Осы орайда, Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде «Техникалық ғылымдар» білім беру саласындағы жобаларды басқару тобының кеңейтілген отырысы өтті.**



Отырысты Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты Республикалық оқу әдістемелік кеңесі ұйымдастырды. Отырысқа мемлекеттік мекемелердің өкілдері, еліміздің жетекші техникалық университетінің оқытушылары мен басшылары, жұмыс берушілер, шетелдік сарапшылар және өндіріс саласының мамандары қатысты. Техникалық білім беру сапасын жақсарту, оқу бағдарламаларын заманауи өндіріс талаптарына сәйкестендіру, студенттерді практикалық дайындықтан өткізу мәселелері талқыланды. Ресми бөлімінен кейін қатысушылар ҚарТУ-дың зертханалық және ғылыми орталықтарына экскурсия жасады. Бұл экскурсия Қазақстанда тау-кен ісі, металлургия және инженерия салаларында қолданылып жатқан заманауи зерттеулермен танысуға мүмкіндік берді.

Ә.Сағынов атындағы ҚарТУ оқу-әдістемелік басқарма мүшесінің академия жөніндегі проректоры Бекболат Нүсіпбековтің айтуынша, қазіргі таңда тау-кен ісі, металлургия және инженерия салаларында жоғары білікті мамандарға сұраныс артып келеді.

– Біздің басты мақсатымыз – білім беру бағдарламаларын нарықтың нақты талаптарына сай жаңарту және жұмыс берушілермен тығыз байланыс орнату. Көптеген оқу орындарында осындай оқу әдістемелік бірлестіктер бар. Белгілі бір бағыттарда жұмыс істейді. «Жаңа мамандықтар атластары» шығып жатыр. Енді Қарағандының өзінде жаңа мамандықтар атласы бойынша қандай өндіріс орындарына мамандықтар керек деген негізгі бағыттар көрсетілді. Университетімізге өндірістен 80-ге жуық өнеркәсіп келді. Сонда барып, студенттер өзін шыңдап жұмыс істеуге дайын, – дейді Бекболат Нүсіпбеков.

Республикалық ассоциацияның өкілі Қанат Баитов техникалық білім беру мен өндіріс арасындағы тығыз байланыстың маңыздылығын атап өтті.

– Оқу орындары көмек көрсету бағытында да, үлкен кәсіпорындармен жұмыс берушілер ретінде белсенділік танытып отыр. Біз тау-кен факультетінің мәртебесін көтеруді және студенттерге жеңілдіктер мен шәкіртақылар ұсынуды қарастырып жатырмыз. Бұл іс-шара өзекті мәселелерді шешуге арналған тиімді алаң болды, – дейді Қанат Баитов.

Кеңейтілген отырыс Қазақстанда техникалық білім беру жүйесін дамытуға, инженерлік кадрларды даярлау сапасын арттыруға және жоғары оқу орындары мен өндірістік кәсіпорындар арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етті.

**Айым ЖОЛДЫБАЙ,**
**Е.Бөкетов атындағы**
**Қарағанды зерттеу университеті**
**журналистика бөлімінің**
**IV курс студенті**

● ӨЗЕКТІ

# «ТикТок»: еркіндік пе, қауіп пе?

**«ТикТок» – жастар арасында ерекше сұранысқа ие қазіргі заманның танымал платформасы. Біреулер бұл әлеуметтік желіні «шығармашылық пен өзін-өзі дамыту алаңы» деп бағаласа, енді біреулері оны уақытты ысырап ететін құрал ретінде көреді. Әлемде түрлі пікірталас тудырған «ТикТоктың» шын мәнінде пайдалы тұстары мен қауіптері қандай? Ол өмірімізге жаңашылдық әкелетін платформа ма, әлде шектеу қоюды қажет ететін желі ме?**



Коллажды жасаған А.Рахымжан

Қазір «ТикТок» әлеуметтік желісіне тыйым салу туралы пікірталастар жиі көтерілуде. Бұл әңгімелердің бастауына бірнеше маңызды фактор әсер етті. Ең алдымен, желінің жастар мен жасөспірімдер арасында шексіз танымалдылыққа ие болуы. Онымен бірге тәуелділік пен уақытты босқа өткізу мәселелерін де алға тартады.

Бірқатар елдер «Платформаны пайдаланушылардың деректеріне қатысты құпиялылық талаптары сақталмауы қауіптілік тудырады» деп, алаңдаушылық танытуда. Одан бөлек, «ТикТокта» таралатын кейбір зиянды контенттер, әсіресе, қауіпті трендтер мен жалған ақпарат қоғамда сынға ұшырауда. Осы жағдайлар ата-аналар мен билік өкілдерінің платформаны бақылау немесе шектеу қажет деген пікірін күшейтті.

Дегенмен, «ТикТоктың» шығармашылық дамуға, білім алуға және кәсіпкерлікке ықпал ететін жағын ескергендер мұндай тыйым салудың дұрыс емес екенін алға тартуда. Осылайша, бұл пікірталас тек технология мен қауіпсіздік мәселесін емес, сонымен бірге, еркіндік пен жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті іздеуге ұласып отыр.

Осыған қарамастан бүгінгі күні бұл әлеуметтік желіні толықтай бұғаттаған немесе жартылай шектеу қойған мемлекеттер бар. Атап айтсақ, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Пәкістан, Албания елдерінде «ТикТок» платформасына тыйым салынған. Оның негізгі себебі – жергілікті мәдени және діни нормаларға қайшы келетін моральға жат контенттің таралуы.

Ресей, Иран, Индия, Ауғанстан, Солтүстік Корея, Түрікменстанда тыйым салынуы саяси көзқарасқа ие. Яғни, санкция, мемлекетаралық немесе ішкі соғыс жағдайлары.

АҚШ-та бұл мәселе әлі де толық шешімін тапқан жоқ. Дегенмен, тыйым салуға қатысты заңдар дайындалып, қарастырылуда. Тіпті, «ТикТок» пайда болған Қытай мемлекетінің өзінде де платформа осы елдің Bytedance компаниясының өнімі болғанына қарамастан, Қытайдың ішкі нарығында ресми түрде әлеуметтік желі қолжетімсіз. Қытайда «ТикТоктың» тыйым салынуы ұлттық ақпараттық саясат стандарттарын сақтау қажеттілігіне байланысты.

Қазақстанда да бұл мәселе көтерілген болатын. Сенат отырысында депутат Әлішер Сатыбалдиев Үкімет басшысына сауал жолдап, «ТикТок» желісіне шектеу енгізуді сұрады. Батыс пен көрші елдерде платформаға тыйым салынып жатса да, Қазақстан бұған салғырт қарайтыны жайлы сөз қозғаған болатын. Депутаттың айтуынша «ТикТокты» қолданушылардың 75 пайызы 13 пен 24 жас арасындағы жастар, тіпті, 4-5 жастағы балалардың өзі күнделікті 75 минут уақытын осы желіні тамашалаумен өткізетінін атап өтті.

Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров «ТикТок» жұмысын шектеу мәселесін көтергенде: «Өкінішке қарай, бүгінгі жастар ата-бабаларымыздың дәстүрінде тәрбиеленбей, көбінесе «ТикТок» арқылы өсіп келеді, онда пайдалы контенттен басқа, баланы теріс әдеттер мен қылықтарға итермелейтін видеоматериалдар жеткілікті. Сондықтан, «ТикТок-ты» кәмелетке толмаған балалар үшін қатаң шектеу енгізуді немесе Қытай тәжірибесі бойынша осы әлеуметтік желінің арнайы балаларға арналған форматын енгізу мүмкіндігін қарастыру қажет», – деп үндеу тастады.

Депутаттың пікірінше, «ТикТок» арқылы әртүрлі ойындар, онлайн-казино, стримдер, рилстер таратылады, олар суицидке шақырумен, жала жабумен және адами моральдық құндылықтарға қайшы келетін сөздерге толы.

Уақытты тиімсіз өткізу, психологиялық әсер, зиянды немесе сапасыз контент, деректердің қауіпсіздігі, тәуелділік – осының барлығы әлеуметтік желінің резонанс тудырған үлкен мәселесі. Дегенмен әр нәрсенің жақсы да жаман да тұсы бар демекші, «ТикТок» та дәл солай.

Бұл платформа жастарға шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өз идеяларын басқалармен бөлісуге және әлемдік деңгейде танымал болуға мүмкіндік береді. Көптеген қолданушылар «ТикТокты» білім беру мақсатында пайдаланады. Яғни, әртүрлі тақырыптарда қысқа видеолар арқылы тіл үйрену мүмкіндіктері бар. Өз еліміздің, сонымен қатар, өзге де елдердің тарихын, рухани және материалдық құндылықтары жайлы көптеген ақпарат алуға болады. Одан бөлек қарапайым халық әлеуметтік мәселелерді қозғап, қоғамда маңызды пікірталастар мен трендтер тудырады. Ал, шағын бизнес иелері үшін «ТикТок» жаңа аудиторияға жетудің тиімді құралы. Өнімдерді жарнамалау, өз қызметін таныстыру немесе жеке бренд құру үшін үлкен мүмкіндік береді.

Бұл платформадағы кемшіліктерді жою үшін білім беру мен ақпараттық сауаттылықты арттыру маңыздырақ. Мысалы, жасөспірімдерге арналған қауіпсіздік шараларын күшейтіп, зиянды контентті бақылауды жетілдіруге болады. Сондықтан, «ТикТокты» дұрыс әрі тиімді пайдалану үшін пайдаланушылар өз уақытын бақылап, контентті мұқият таңдап, сауатты көзқараспен ден қоюы қажет. Ата-аналар мен білім беру ұйымдары жасөспірімдердің платформаны қауіпсіз және пайдалы мақсатта қолдануына қолдау көрсетуі керек. Тек сол жағдайда ғана «ТикТоктың» артықшылықтарын пайдаланып, теріс әсерлерінен қорғауға болады.

**Дильяра ӘБІШЕВА,**
**Е.Бөкетов атындағы**
**Қарағанды зерттеу**
**университеті**
**журналистика бөлімінің**
**IV курс студенті**

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР, АУКЦИОН !!!**
**«Банк ЦентрКредит» АҚ**
**кепіл мүлкін сату бойынша ағылшын әдісімен сауда-саттық өткізеді**

| Р/н № | Объектінің атауы | Орналасқан жері | Кепіл мүлкінің сипаттамасы | Бастапқы бағасы | Кепілдік 5% жарна | Сауда-саттық өткізілетін күні | Сауда-саттық өткізілетін уақыт |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Төрт бөлмелі пәтер | Ұлытау обл., Жезқазған қ., Есенберлин, к. 5 үй, 83 п. | Жалпы ауданы 60,9 ш.м. құрайтын, соның ішінде тұрғын ауданы 44,8 ш.м., қабат 3(5) кадастрлық нөмері: 09-109-001-000-(314-5)-083. | 20 785 535 теңге | 1 039 277 теңге | 2025 жылғы 21 ақпан | 11 сағ. 30 мин. |

Кепілдік жарна – бастапқы құнның – 5%.

Қадамды ұлғайту – бастапқы құнның – 2%.

Аукционға қатысуға өтінім хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және келесі мекенжай бойынша сауда-саттық өткізілетін күннен бір күн бұрын тоқтатылады: Қарағанды обл., Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 5 үй, «Банк ЦентрКредит» АҚ.

Сатып алу бағасы сауда-саттық өткізілген күннен кейінгі бес банктік күн ішінде ҚР Ұлттық Банкінің ағымдағы бағамы бойынша теңгемен төленеді.

Сауда-саттық өткізілетін жер – Қарағанды обл., Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы, 5 үй, 416 каб., «Банк ЦентрКредит» АҚ.

Сенім білдірілген тұлға – Канат Калкенович Жундубаев.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты 8 (7212) 559-120 немесе 8 (701) 524-48-96 телефондары бойынша алуға болады.

**ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!**
**АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ»**
**проводит торги по продаже залогового имущества по английскому методу**

| № п/п | Наименование объекта | Местонахождение | Описание и характеристика залогового имущества | Стартовая стоимость | Гарантийный взнос 5% | Дата проведения торгов | Время проведения торгов |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Четырехкомнатная квартира | Улытауская область, г. Жезказган, улица Есенберлина, д. 5, кв. 83 | общая площадь 60,9 кв.м., в том числе жилая площадью 44,8 кв.м., этаж 3(5), кадастровый номер: 09-109-001-000-(314-5)-083. | 20 785 535 тенге | 1 039 277 тенге | 21 февраля 2025 года | 11 ч. 30 м. |

Гарантийный взнос – 5% от стартовой стоимости.

Шаг повышения – 2% от стартовой стоимости.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: Карагандинская область, г. Караганда, ул. Алиханова 5 в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка РК в течение пяти банковских дней после проведения торгов.

Место проведения торгов – Карагандинская область, г. Караганда, пр. Н.Абдирова, д. 5, каб. 416 в АО «Банк ЦентрКредит».

Доверенное лицо – Жундубаев Канат Калкенович.

Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел. 8 (7212) 559-120 или 8 (701) 524-48-96.

№20

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР, АУКЦИОН !!!**
**«Банк ЦентрКредит» АҚ**
**кепіл мүлкін сату бойынша ағылшын әдісімен сауда-саттық өткізеді**

| Р/н № | Объектінің атауы | Орналасқан жері | Кепіл мүлкінің сипаттамасы | Бастапқы бағасы | Кепілдік 5% жарна | Сауда-саттық өткізілетін күні | Сауда-саттық өткізілетін уақыт |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Екі бөлмелі пәтер | Ақмола обл., Астана қ., Е к., 15, 15 үй, 130 п. | Жалпы ауданы 69,6 ш.м. құрайтын, соның ішінде тұрғын ауданы 37,0 ш.м., қабат 5(9) кадастрлық нөмері: 21-320-135-5566-1-130. | 27 631 270 теңге | 1 381 564 теңге | 2025 жылғы 21 ақпан | 11 сағ. 00 мин. |

Кепілдік жарна – бастапқы құнның – 5%.

Қадамды ұлғайту – бастапқы құнның – 2%.

Аукционға қатысуға өтінім хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және келесі мекенжай бойынша сауда-саттық өткізілетін күннен бір күн бұрын тоқтатылады: Қарағанды обл., Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 5 үй, «Банк ЦентрКредит» АҚ.

Сатып алу бағасы сауда-саттық өткізілген күннен кейінгі бес банктік күн ішінде ҚР Ұлттық Банкінің ағымдағы бағамы бойынша теңгемен төленеді.

Сауда-саттық өткізілетін жер – Қарағанды обл., Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы, 5 үй, 416 каб., «Банк ЦентрКредит» АҚ.

Сенім білдірілген тұлға – Канат Калкенович Жундубаев.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты 8 (7212) 559-120 немесе 8 (701) 524-48-96 телефондары бойынша алуға болады.

**ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!**
**АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ»**
**проводит торги по продаже залогового имущества по английскому методу**

| № п/п | Наименование объекта | Местонахождение | Описание и характеристика залогового имущества | Стартовая стоимость | Гарантийный взнос 5% | Дата проведения торгов | Время проведения торгов |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Двухкомнатная квартира | Акмолинская область, г. Астана, улица Е 15, д. 15, кв. 130 | общая площадь 69,6 кв.м., в том числе жилая площадью 37,0 кв.м., этаж 5(9), кадастровый номер: 21-320-135-5566-1-130. | 27 631 270 тенге | 1 381 564 тенге | 21 февраля 2025 года | 11 ч.00 м. |

Гарантийный взнос – 5% от стартовой стоимости.

Шаг повышения – 2% от стартовой стоимости.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: Карагандинская область, г. Караганда, ул. Алиханова 5 в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка РК в течение пяти банковских дней после проведения торгов.

Место проведения торгов – Карагандинская область, г. Караганда, пр. Н.Абдирова, д. 5, каб. 416 в АО «Банк ЦентрКредит».

Доверенное лицо – Жундубаев Канат Калкенович.

Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел. 8 (7212) 559-120 или 8 (701) 524-48-96.

№23

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР, АУКЦИОН !!!
### «Банк ЦентрКредит» АҚ
### кепіл мүлкін сату бойынша ағылшын әдісімен сауда-саттық өткізеді

| Р/н № | Объектінің атауы | Орналасқан жері | Кепіл мүлкінің сипаттамасы | Бастапқы бағасы | Кепілдік 5% жарна | Сауда-саттық өткізілетін күні | Сауда-саттық өткізілетін уақыт |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Үш бөлмелі пәтер | Қарағанды обл., Қарағанды к., Ермекова к., 106/6 үй, 43 п. | Жалпы ауданы 86,3 ш.м. құрайтын, соның ішінде тұрғын ауданы 47,3 ш.м., қабат 1(10)кадастрлық нөмері: 09-142-172-805-1-43. | 26 959 430 теңге | 1 347 972 теңге | 2025 жылғы 21 ақпан | 12 сағ. 30 мин. |

Кепілдік жарна – бастапқы құнның – 5%.

Қадамды ұлғайту – бастапқы құнның – 2%.

Аукционға қатысуға өтінім хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және келесі мекенжай бойынша сауда-саттық өткізілетін күннен бір күн бұрын тоқтатылады: Қарағанды обл., Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 5 үй, «Банк ЦентрКредит» АҚ.

Сатып алу бағасы сауда-саттық өткізілген күннен кейінгі бес банктік күн ішінде ҚР Ұлттық Банкінің ағымдағы бағамы бойынша теңгемен төленеді.

Сауда-саттық өткізілетін жер – Қарағанды обл., Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы, 5 үй, 416 каб., «Банк ЦентрКредит» АҚ.

Сенім білдірілген тұлға – Канат Калкенович Жундубаев.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты 8 (7212) 559-120 немесе 8 (701) 524-48-96 телефондары бойынша алуға болады.

## ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!
### АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ»
### проводит торги по продаже залогового имущества по английскому методу

| № п/п | Наименование объекта | Местонахождение | Описание и характеристика залогового имущества | Стартовая стоимость | Гарантийный взнос 5% | Дата проведения торгов | Время проведения торгов |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Трехкомнатная квартира. | Карагандинская область, г. Караганда, улица Ермекова, д. 106/6, кв. 43 | общая площадь 86,3 кв.м., в том числе жилая площадью 47,3 кв.м., этаж 1(10), кадастровый номер: 09-142-172-805-1-43. | 26 959 430 тенге | 1 347 972 тенге | 21 февраля 2025 года | 12 ч.30 м. |

Гарантийный взнос – 5% от стартовой стоимости.

Шаг повышения – 2% от стартовой стоимости.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: Карагандинская область, г. Караганда, ул. Алиханова 5 в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка РК в течение пяти банковских дней после проведения торгов.

Место проведения торгов – Карагандинская область, г. Караганда, пр. Н. Абдирова, д. 5, каб. 416 в АО «Банк ЦентрКредит».

Доверенное лицо – Жундубаев Канат Калкенович.

Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел. 8 (7212) 559-120 или 8 (701) 524-48-96.

№22

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР, АУКЦИОН !!!
### «Банк ЦентрКредит» АҚ
### кепіл мүлкін сату бойынша ағылшын әдісімен сауда-саттық өткізеді

| Р/н № | Объектінің атауы | Орналасқан жері | Кепіл мүлкінің сипаттамасы | Бастапқы бағасы | Кепілдік 5% жарна | Сауда-саттық өткізілетін күні | Сауда-саттық өткізілетін уақыт |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Бір бөлмелі пәтер | Қарағанды обл., Қарағанды қ., Локомотивная, к. 155/2 үй, 31 п. | Жалпы ауданы 35,9 ш.м. құрайтын, соның ішінде тұрғын ауданы 19,7 ш.м., қабат 3(5) кадастрлық нөмері: 09-142-005-205-1-31. | 5 297 440 теңге | 264 872 теңге | 2025 жылғы 21 ақпан | 12 сағ. 00 мин. |

Кепілдік жарна – бастапқы құнның – 5%.

Қадамды ұлғайту – бастапқы құнның – 2%.

Аукционға қатысуға өтінім хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және келесі мекенжай бойынша сауда-саттық өткізілетін күннен бір күн бұрын тоқтатылады: Қарағанды обл., Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 5 үй, «Банк ЦентрКредит» АҚ.

Сатып алу бағасы сауда-саттық өткізілген күннен кейінгі бес банктік күн ішінде ҚР Ұлттық Банкінің ағымдағы бағамы бойынша теңгемен төленеді.

Сауда-саттық өткізілетін жер – Қарағанды обл., Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы, 5 үй, 416 каб., «Банк ЦентрКредит» АҚ.

Сенім білдірілген тұлға – Канат Калкенович Жундубаев.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты 8 (7212) 559-120 немесе 8 (701) 524-48-96 телефондары бойынша алуға болады.

## ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!
### АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ»
### проводит торги по продаже залогового имущества по английскому методу

| № п/п | Наименование объекта | Местонахождение | Описание и характеристика залогового имущества | Стартовая стоимость | Гарантийный взнос 5% | Дата проведения торгов | Время проведения торгов |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Однокомнатная квартира. | Карагандинская область, г. Караганда, улица Локомотивная, д. 155/2, кв. 31 | общая площадь 35,9 кв.м., в том числе жилая площадью 19,7 кв.м., этаж 3(5), кадастровый номер: 09-142-005-205-1-31. | 5 297 440 тенге | 264 872 тенге | 21 февраля 2025 года | 12 ч.00 м. |

Гарантийный взнос – 5% от стартовой стоимости.

Шаг повышения – 2% от стартовой стоимости.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: Карагандинская область, г. Караганда, ул. Алиханова 5 в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка РК в течение пяти банковских дней после проведения торгов.

Место проведения торгов – Карагандинская область, г. Караганда, пр. Н. Абдирова, д. 5, каб. 416 в АО «Банк ЦентрКредит».

Доверенное лицо – Жундубаев Канат Калкенович.

Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел. 8 (7212) 559-120 или 8 (701) 524-48-96.

№21

---

Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Балқаш қаласының №2 емханасы »КМК директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды, мекен-жайы: Қарағанды облысы, Балқаш қаласы,-Сабитова молтек ауданы 7 пошталық индексі: 100300, телефон: 8 (71036) 5-14-98. E-mail: balhash_2@mail.ru

**Конкурстың барлық қатысушыларына қойылатын жалпы біліктілік талаптары:**

«Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім, «денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») мамандығы бойынша сертификаттық курстан (қайта даярлаудан) өткені туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік беру туралы куәлік немесе «денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары білім немесе «денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе MBA executive немесе fulltime дәрежесі, Денсаулық сақтау, Денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл.

**Білуге тиіс:**

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы»; қазіргі заманғы басқару қызметінің стратегиялық және ұйымдастырушылық аспектілері;Денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлы-экономикалық және қаржылық қызметінің негіздері; ұйымның қызметін басқарудың экономикалық әдістері мен талдау; медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасы; денсаулық сақтаудағы адам ресурстарын басқарудағы үздік практикалар; халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын Статистика, өлшемдер мен көрсеткіштер; отандық медицинаның қазіргі заманғы ғылыми жетістіктері, денсаулық сақтауды басқарудағы үздік халықаралық тәжірибе; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі қағидалар мен нормаларды; Төтенше жағдайлар кезінде қызметті ұйымдастыру.

**Лауазымдық міндеттері:**

Денсаулық сақтау ұйымының өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын басқарушылық шешімдерге, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапты болады. Ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындайды. Көрсетілетін диагностикалық, емдеу және профилактикалық көмектің тиімділігі мен сапасын одан әрі арттыруға, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған персонал жұмысының жаңа ұйымдастырушылық нысандары мен әдістерін енгізуді және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді. Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, олардың іс-қимылдарын көрсетілетін медициналық қызметтерді дамытуға және жетілдіруге бағыттайды. Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану, өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық атмосфераны қалыптастыру бойынша шаралар қабылдайды. Ұйым қызметін талдау және оның жұмысының көрсеткіштерін бағалау негізінде ұйым жұмысының нысандары мен әдістерін жақсарту бойынша қажетті шараларды қабылдайды. Әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде ұжымдық шартты әзірлеуді, жасасуды және орындауды, еңбек тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді, қызметкерлердің еңбек уәждемесін, бастамасы мен белсенділігін дамытуға ықпал етеді.Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайларды зерделеу және бағалау жөніндегі жұмысты үйлестіреді, адам денсаулығына қолайсыз әсер етудің басым факторларын айқындайды. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту бойынша пәрменді шаралар қабылдайды. Гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың жүргізілуін, санитарлық ережелер мен нормалар мен гигиеналық нормативтердің сақталуын жедел және зертханалық-аспаптық бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады. Ұйым қызметінде, оның ішінде қаржы-шаруашылық басқару, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу мәселелерінде медициналық этика, заңдылық талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалармен келісім-шарттар жасайды, мәмілелер жасайды. Өз құзыретіндегі мәселелер бойынша барлық қызметкерлер үшін міндетті өкімдер мен бұйрықтар шығарады. Ұйымды мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта мүдделерін білдіреді.

Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № ҚР-ДСМ-58/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органының немесе республикалық атқарушы органы басшысының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшысының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2. Еркін нысанда жазылған өмірбаян;

3. Білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

4. Еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардың көшірмелері не жұмыс өтілін растайтын басқа да құжат;

**5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген «медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)»№ 075/е нысаны**

6. ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің соттылығының жоқтығы туралы анықтамасы.

**Конкурсқа келесідей адамдар қатыса алмайды:**

1) он сегіз жастан кіші;

2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Балқаш қаласының № 2 емханасы» КМК -на мына мекенжай бойынша ұсынылуы тиіс: Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Сабитова молтек ауданы, 7 пошталық индексі: 100300, телефон: 8 (71036) 5-14-98. E-mail: balhash_2@mail.ru директордың қабылдау кабинеті. Бұқаралық ақпарат құралдарының басылымдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.

КГП «Поликлиника № 2 г.Балхаш» Управления здравоохранения Карагандинской области объявляет конкурс на занятие вакантной должности директора КГП «Поликлиника № 2 г .Балхаш» расположенного по адресу: г.Балхаш микр Сабитовой 7, почтовый индекс: 100300 , телефон8 (71036) 5-14-98 . E-mail: balhash_2@mail.ru

**Общие квалификационные требования ко всем участникам конкурса:**

высшее образование по направлению подготовки «Здравоохранение», свидетельство о прохождении сертификационного курса (переподготовки) по специальности, «Менеджмент здравоохранения» («Общественное здравоохранение») и (или) свидетельства о присвоении квалификации по соответствующей специальности или высшее образование по направлению подготовки «Здравоохранение» и (или) «Бизнес, управление и право» или послевузовское образование по направлению подготовки «Здравоохранение» и (или) «Бизнес и право» или степень MBA executive или fulltime, сертификат менеджера в области здравоохранения, стаж работы на руководящих должностях в области здравоохранения не менее 2 лет.

**Должен знать:**

Конституцию Республики Казахстан, Гражданский кодекс Республики Казахстан, Трудовой кодекс Республики Казахстан, Кодекс Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения», Кодекс Республики Казахстан»Об административных правонарушениях», Закон Республики Казахстан «О государственных закупках», Закон РеспубликиКазахстан»О противодействии коррупции», Закон Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан»; стратегические и организационные аспекты современной управленческой деятельности; основы планово-экономической и финансовой деятельности организаций здравоохранения; экономические методы управления и анализ деятельности организации; конъюнктуру рынка медицинских услуг; лучшие практики в управлении человеческими ресурсами в здравоохранении; статистику, критерии и показатели, характеризующие состояние здоровья населения; современные научные достижения отечественной медицины, лучший международный опыт в управлении здравоохранением; правила и нормы по безопасности и охране труда, производственной санитарии и противопожарной безопасности; организацию деятельности в условиях чрезвычайных ситуаций.

**Должностные обязанности:**

Руководит производственной, финансово-хозяйственной деятельностью организации здравоохранения, несет ответственность за принимаемые управленческие решения, сохранность и эффективное использование имущества организации, а также за результаты финансово-хозяйственные деятельности. Определяет политику, стратегию деятельности организации и механизм ее реализации. Обеспечивает внедрение новых и совершенствование существующих организационных форм и методов работы персонала, направленного на дальнейшее повышение эффективности и качества оказываемой диагностической, лечебной и профилактической помощи, повышение качества и конкурентоспособности оказываемых услуг. Обеспечивает эффективное взаимодействие структурных подразделений организации, направляет их действия на развитие и совершенствование оказываемых медицинских услуг. Несет персональную ответственность за соблюдение антикоррупционного законодательства, и принятию мер по недопущению проявлений коррупции со своей стороны и подчиненных ему лиц. Принимает меры по обеспечению организации квалифицированными кадрами, рациональному использованию их профессиональных знаний и опыта, созданию безопасных для жизни и здоровья условий труда, формированию благоприятной психологической атмосферы в коллективе. На основе анализа деятельности организации и оценки показателей его работы принимает необходимые меры по улучшению форм и методов работы организации. Обеспечивает на основе принципов социального партнерства разработку, заключение и выполнение коллективного договора, соблюдение трудовой дисциплины, способствует развитию трудовой мотивации, инициативы и активности работников. Координирует работу по изучению и оценке санитарно-эпидемиологических ситуаций, определяет приоритетные факторы неблагоприятного воздействия на здоровье человека. Принимает действенные меры по улучшению санитарно-эпидемиологической ситуации. Организует оперативный и лабораторно-инструментальный контроль и надзор за проведением гигиенических и противоэпидемических мероприятий, за соблюдением санитарных правил и норм и гигиенических нормативов. Обеспечивает соблюдение требований медицинской этики, законности в деятельности организации, в том числе в вопросах финансово-хозяйственного управления, укрепления договорной и финансовой дисциплины, регулирования социально-трудовых отношений. Осуществляет прием и увольнение работников. Заключает договора, совершает сделки с физическими и юридическими лицами. Издает по вопросам своей компетенции распоряжения и приказы, обязательные для всех работников. Представляет организацию в государственных органах, организациях и суде.

Конкурс проводится в соответствии с Приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 27 мая 2020 года № ҚРДСМ-58/2020 «Об утверждении Правил проведения конкурса на вакантную должность руководителя, единолично осуществляющего функции исполнительного органа или руководителя коллегиального исполнительного органа государственного предприятия на праве хозяйственного ведения с наблюдательным советом в области здравоохранения», а также Приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 21 декабря 2020 года № ҚР ДСМ-305/2020. «Об утверждении номенклатуры специальностей и специализаций в области здравоохранения, номенклатуры и квалификационных характеристик должностей работников здравоохранения».

Лицо, изъявившее желание участвовать в конкурсе, представляет в сроки, указанные в объявлении о проведении конкурса, следующие документы:

1. Заявление об участии в конкурсе;

2. Автобиографию, изложеную в произвольной форме;

3. Копии документов об образовании;

4. Копию трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора, выписки из приказов о приеме и прекращении трудового договора либо другой документ, подтверждающий стаж работы;

**5. Форма № 075/у «Медицинская справка (врачебное профессионально-консультативное заключение)», утвержденной приказом и.о. Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 октября 2020 года № ҚР ДСМ-175/2020 «Об утверждении форм учетной документации в области здравоохранения»**

6. Справку комитета по правовой статистике и специального учета генеральной прокуратуры РК об отсутствии судимости.

**Не могут принимать участие в конкурсе лица:**

1) моложе восемнадцати лет;

2) ранее совершившее коррупционное правонарушение;

3) имеющее непогашенную или не снятую в установленном законодательством Республики Казахстан порядке судимость;

4) иные случаи, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть представлены в КГП «Поликлиника № 2 г .Балхаш» Управления здравоохранения Карагандинской области расположенного по адресу: г.Балхаш микр Сабитовой 7, почтовый индекс: 100300 , телефон 8 (71036) 5-14-98. E-mail: balhash_2@mail.ru кабинет приёмная директора, в течение 15 календарных дней с момента публикации объявления о проведении конкурса в изданиях средств массовой информации.







Қарағанды облысының білім басқармасы және Қарағанды облысының оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы, бар саналы ғұмырын білім саласының өркендеуіне арнаған, білім беру ісінің құрметті қызметкері, ұлағатты ұстаз

**Еркін Қиноятұлы КӨБЕЕВТІҢ**

қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыс, бауырларына қайғырып көңіл айтады.

# Үміт зор, мүмкіндік мол

**Қытайдың Харбин қаласында өтіп жатқан ХІ қысқы Азия ойындарында отандастарымыз жақсы нәтиже көрсетуде. Шайбалы хоккейден ерлер және әйелдер ұлттық құрамасы үшінші кездесуін өз пайдасына шешті. Керлингтен аралас жұптық бәсекеде өнер көрсеткен отандастарымыз келесі кезеңге өте алмаса да, шорт-трекшілеріміз ширек финалға жолдама алды.**

**Ербол ЕРБОЛАТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»


Сурет ашық дереккөзден

Хоккейден ерлер арасындағы ұлттық құрама екінші ойынды Қытай спортшыларына қарсы өткізген болатын. Нәтижесінде отандастарымыз 6:1 есебімен жеңіске жетті. Ойынның үшінші айналымында отандастарымыз қатарынан екі шайбаны, яғни, бесінші және алтыншы шайбаны қақпаға тоғытты. 55-ші минутта жерлесіміз Андрей Буяльский шабуыл ұйымдастырып, әріптесі Дмитрий Бреуске пас жеткізіп береді. Осы сәтте ол шабуылшы Вячеслав Колесниковқа пас шығарып, шабуылды нәтижемен аяқтады.

Ал, алтыншы шайбаны салуға қарағандылық клубтың ойыншысы Александр Борисевич ұйтқы болды. Ол да шабуылды өзі бастап беріп, пасты әріптестеріне шығарып берген. Осылайша, жерлестеріміздің қанжығасында бір голдық пас жазылды.

Ел құрамасының үшінші ойыны Тайвань құрамасына қарсы өтті. Бірақ, отандастарымыз қарсыластарын 17:0 есебімен ойсырата жеңді. Алғашқы айналымда-ақ бес шайбаны қарсылас қақпасына енгізіп, ойын тағдырын шешіп тастады. Екінші айналымда есепті 10:0-ге жеткізіп, мүмкіндік қалдырмады. Осылайша хоккейшілеріміз жарыстың алғашқы күндерінен қарсылас шақ келтірмей жатыр. Қазіргі уақытта отандастарымыз турнир кестесінде көш бастап тұр.

Әйелдер құрамасы да қарсыластарына мүмкіндік қалдырмай келеді. Естеріңізге сала кетейік, әуелі отандастарымыз Гонконг құрамасына – 12, Тайланд құрамасына – 9 шайба салған еді. Әрі екі ойында да өз қақпаларына шайба жібермеген. Ал, үшінші ойында Тайвань құрамасымен кездесіп, 5:1 есебімен жеңіске жетті. Отандастарымыз үш ойында да жеңіске жетіп, турнир кестесінде І орынға шықты. Бір айта кететіні, отандастарымыз үш ойында тек бір ғана шайба өткізген.

Керлингтен аралас жұптық бәсекеде сынға түскен отандастарымыз Әмина Сейітжанова мен Әзизбек Надирбаев төртінші кездесуін өткізді. Үшінші кездесуінде Катар құрамасынан – 7:4 есебімен, төртінші кездесуде Қырғызстан құрамасынан 15:5 есебімен басым түскен болатын.

Топтық кезеңдегі соңғы ойыны – Филиппин құрамасына қарсы еді. Отандастарымыз келесі кезеңге өтуі үшін қарсыластарын жеңуі қажет болатын. Алайда, ұлттық құрама ойыншылары 2:11 есебімен есе жіберді. Осылайша, олар В тобында IV орын иеленіп, жарыс жолын аяқтады.

Шорт-тректен әйелдер арасында 1500 метр қашықтықта сайысқа түскен үш отандасымыз жартылай финалға жолдама алды. Атап айтсақ, Алина Әжғалиева, Мадина Жанбусинова және Ольга Тихонова сәтті өнер көрсетіп шықты. Ал, ерлер арасында 1500 метр қашықтықта өнер көрсеткен Глеб Ивченко, Әділ Ғалиахметов және Денис Никиша бастапқы кезеңнен сүрінбей өтіп, жартылай финалға жолдама еншіледі.

500 метр қашықтықтағы іріктеу кезеңінде өнер көрсеткен Денис Никиша, Мерсаид Жақсыбаев, Абзал Әжғалиев Азия ойындарының ширек финалына өтті. Ал, әйелдер арасында 1000 метр қашықтықта іріктеу кезеңінде Ольга Тихонова, Малика Ермек және Алина Әжғалиева өнер көрсеткен еді. Алайда, жарыс қорытындысы бойынша Ольга Тихонова мен Малика Ермек 1/4 финалға жолдама алды.

● ЖАҢА КІТАП

# Тұлғалар тұғырындай қос туынды

**Жақында есімі ел есінде сақталған Қаракесек Қараменде би мен Ақтентек сал туралы көпшілікке арналған ғылыми-танымдық зерттеу еңбегі Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің баспасынан жарыққа шықты. Құнды туындылардың авторы – Мұхамметқали Әбдуов.**







Қазақ халқының әдебиет тарихында елге еңбек еткен талай тамаша тұлғалардың шыққандығы белгілі. Бірақ, солардың бір парасының өмірі мен қызметі толық деңгейде зерттеліп болған жоқ. Міне, осындай қайраткерлерді зерделеп, тарихтағы орнын айқындау, бағасын беру, бүгінгі ұрпаққа таныту – басты міндеттердің бірі. Осы тұрғыдан алып қарағанда зерттеу еңбегінің маңызы зор.

Кітапта Қараменде бидің өмірі, заманы, қарым-қатынас жасаған маңайы жан-жақты суреттелген. Оның әрі батыр, әрі шешен, би болғандығын айқындайтын ел аузынан алынған мәліметтер келтірілген. Бүгінгі күнге дейін сақталып жеткен шешендік сөздері сараланып берілген. Сондай-ақ, еңбекте салыстыру тәсілі де қолданылған. Біраз тарихи оқиғаларды айғақтайтын нақты дереккөздер де келтірілген. Оған бидің Қожа Ахмет Яссауидің кесенесіне жерленгендігін дәлелдейтін дерекқұжатты айтуға болады.

Қараменде би – тарихта болған адам. Оның шешендік сөздері, ерліктері жайлы аңыздар ел аузында сақталған. Автор сол материалдарды жинақтай келе, зерттеу мен талдау жүргізе отырып, ғылыми еңбекті өмірге әкелген. Еңбекте зерттеуге өзек етіп алған тақырып тың деректерге толы.

Сонымен қатар, танымал ғалымдардың ой-пікірлерінен үзінділер келтіріліп, дәлелдемелері, мәліметтері айқындалған.

Әр тарау өзіндік маңызды мазмұнымен тартымды. Әрі талапқа сай тұжырымдалып отырған. Қараменденің өскен ортасы, заманы, байланыста болған тұлғалары нақты дереккөздермен көрсетілген. Еңбекте тарихи оқиғалар әдеби пайымдаулар біртұтастықта шоғырландырылған. Ел аузында сақталған шежірелік деректер де орынды қолданылыпты.

Қазақ халқының әдебиет тарихында ақындықты, сазгерлікті және өнерді ұштастыра меңгерген «сал-сері» деп аталатын тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы жеткілікті деңгейде зерттелген деп айтуға әлі ертерек. Себебі, бүгінгі көпшілік қауымға толық деңгейде танылып үлгермеген өнерпаздар баршылық. Солардың бел ортасында XIX ғасырда өмір сүрген Ақтентек сал бірден назарға ілінеді. Өйткені, Біржан салдың оған арнаған өлеңі ел ішіне кеңінен тараған. Қазіргі кезде осы әнді Ж.Кемалов, Е.Құжыманов, Е.Төлеутай сынды танымал әншілер орындап жүр. Дегенмен, Ақтентекке қатысты арнайы зерттеу еңбегінің жазылмағандығын мойындауымыз керек.

Біржан сал өлең арнаған Ақтентек салдың өз заманында осал адам болмағандығы ақиқат. Әйтпесе, Біржан сал оған арнап ән шығармас еді. Сонымен автор өзінің зерттеуінде айтарлықтай жетістіктерге жеткен. Атап айтқанда, Ақтентектің шыққан тегі, өскен ортасы, қарым-қатынас жасаған адамдары, өмір сүрген заманы жан-жақты көрсетілген. Сонымен қатар, бүгінге дейін белгісіз болып келген оның бірнеше өлеңдері зерттеу еңбегіне енген. Бұл Ақтентектің сал-серілер сахнасындағы беделі мен тұғырын айқындауға көмек береді.

Жуырда Ақсу-Аюлы ауылындағы «Қазықұрт» мейрамханасында аталған кітаптардың тұсаукесер рәсімі де өткізілді. Бабалар мұрасын дәріптеуде ұрпақтары аянбай атсалысты.

**Құрманғазы СЕМБИЕВ,**
**филология ғылымдарының кандидаты,**
**«Болашақ» академиясының профессоры**

● АКЦИЯ

# Жат қылықтан жирен

**Қарағанды қаласының ювеналды полициясы мен есірткі бизнесімен күрес бөлімі «Динамо» дене шынықтыру-спорт қоғамы мен «Дені сау ұрпақ – дені сау ұлт» қоғамдық бастамасы бірлесе отырып, волейбол турнирін өткізді.**

Бұл жастарды спорттық іс-шараларға тартудың жарқын үлгісі ретінде олардың арасында денсаулықтың маңыздылығын ұғындырып, есірткіге теріс көзқарас қалыптастыруға ықпал етті.

Турнирге Қарағанды колледждерінен келген он команда қатысты. Олар өздерінің спорттық қабілеттерін, командалық рухын көрсетті.

Турнирдің қорытындысында жеңімпаздар марапатталып, оларға грамоталар, медальдар және кубоктар тапсырылады.

Одан бөлек, «Үздік ойыншы» және «Үздік қорғаушы» сияқты жеке санаттар бойынша да байқау өтті. Бұл турнир тәуелділікке қарсы күресте дені сау және берік ұлт қалыптастырудағы маңызды қадам ретінде бағаланды.

Ал, Шет ауданында Ақадыр полиция бөлімшесі Ақадыр жастар ұйымымен бірлесіп, «Нашақорлық – ғасыр ауруы» атты акция өткізді.

Акция аясында қатысушылар «Закладка» атты деректі фильмді көрді. Ақадыр кентіндегі үш оқу мекемесі – Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейі, Ә.Ермеков атындағы мектеп және М.Мәметова атындағы мектептің жоғарғы сынып оқушылары акцияға белсенді қатысты. Олар сахнада өнер көрсетіп, байқау барысында шығармашылықтарын паш етті.

Сайыс нәтижесінде бірінші орынға М.Мәметова атындағы мектеп, екінші орынға Ә.Ермеков атындағы мектеп, ал, үшінші орынға Ю.Гагарин атындағы мектеп лайық деп танылды.

**Дильяра ӘБІШЕВА,**
**Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті журналистика бөлімінің IV курс студенті**

● ЖӘДІГЕР

# Күміс бұйым – көненің көзі

**Кез келген тарихи-өлкетану музейінде халықтың ежелгі мәдениетінен сыр шертетін бұйымдар мен тұрмыстық құралдар болады. Нұра ауданының тарихи-өлкетану музейіндегі көне де құнды жәдігердің бірі – күміс тіс тазалағыш.**

**Ермек БАЛТАШҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Тіс тазалағыш – бір немесе екі ұшы да үшкірленген (ағаш, пластмасса, бамбук, металл, т.б.) таяқша. Ол – ауыз қуысының гигиеналық тазалығын сақтауға арналған құрал.

Бұл құралдың тарихына бойлайтын болсақ, адамның алғашқы қауымдық құрылысына дейін тереңдейміз. Археолог ғалымдар алғашқы тіс тазалағышты осыдан 1,2 миллион жыл бұрын өмір сүрген адамдар қолданған деген деректі алдыға тартады. Ет тағамдарын көп пайдаланатын қазақтар тіс тазалайтын құралдарын бұрын жеке бас гигиенасына сай өздерімен бірге алып жүрген. Оны әдетте қызыл иекке залалы тимейтін арша, тобылғы сияқты бұталардың жаңқасынан, сүйектен, мүмкіндігі бар адамдар күмістен жасаған. Тіпті, тіс тазалағыштың ерлер мен әйелдерге арналған түрлері болған екен. Асыл тастармен безендірілген тіс тазалағыштар қыз-келіншектердің сәндік бұйымдары қатарына қосылыпты. Оны камзолдың немесе бешпенттің өңіріне іліп жүрген.



Алтыннан да гөрі күмісті көбірек қадірлеген қазақтар осы металдан соғылған білезік, сақина таққан қолдың иесі тіл-көзден тыс, ұстаған ыдыс-аяғы адал болады деп сенген. Қолы жеткен үйлердің бәйбішелері қымызды күміс ожаумен сапырып, күміс тостағандарға құйған.

– Бұл көне жәдігерді музейге осы мекеменің алғашқы басшысы Әдиша Есмағанбетова тапсырған екен. Әдиша Көнекбайқызының айтуы бойынша, ол арғы аталарынан қалған ескерткіш мұра көрінеді. Тіс тазалағыштың ұзындығы – 8 сантиметр. Қалтаға, кісеге салып алып жүру үшін әрбір бөлшегі шығыршықтармен байланған, – дейді Нұра аудандық тарихи-өлкетану музейінің қор сақтаушысы Анаргүл Нақыпова.

**СУРЕТТЕ:** *Нұра аудандық тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы тұрған тіс тазалағыш*

● ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

# Жерлестердің жарқын жеңісі

**Қарағандыда жеңіл атлетикадан кенші, Социалистік Еңбек Ері Яуда Мұсағалиевті еске алуға арналған республикалық турнир өтті. Оған бес облыстан 250-ге жуық спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Аталған турнир алғаш рет 1976 жылы өткізілген еді. Содан бері күні бүгінге дейін барлық қаза тапқан кеншілердің құрметіне ұйымдастырылып келеді.**


Сурет ашық дереккөзден

Қарағанды облысының жеңіл атлетика бойынша олимпиадалық резерв мектебінің басшысы Нұрлан Түсіпов турнирдің маңыздылығын атап өтті.

– Қарағанды – кеншілер қаласы. Сондықтан, тау-кен өндірісінде еңбек еткен жандарды еске алуға ерекше мән беріледі. Осы мақсатта сонау 70-ші жылдары бастау алған турнир бүгінге дейін жалғасып келеді. Жыл сайын қатысушылар саны да көбейіп келеді. Осындай турнирлердің нәтижесінде жас спортшыларға үлкен спортқа жол ашамыз, – деді мектеп басшысы.

Аталған турнир екі күнге созылды. Жарысқа қатысушылар биіктікке, ұзындыққа секіріп, түрлі арақашықтыққа кедергілер арқылы жүгірді. Жеңіл атлетиканың биіктікке секіру түрімен бес жылдан бері шұғылданып жүрген Ярослав Засимович турнирге қатысуда. Ол спортшылар әулетінде өскен. Атасы кезінде биіктікке секіруден 2 м 36 см көрсеткішті бағындырып, Еуропа чемпионатының рекордын жаңартқан. Қазір сол рекорд әлі бұзылмапты.

– Отбасым спортпен шұғылданған соң бәрімізді спортқа берді. Әр турнирдің алдында жақындарым «Сен де атаң секілді боласың» деп жігерімді жаниды. Түрлі байқауларға қатыстым. Жеткен жетістігім де біршама, – деді спортшы.

Шахтинскідегі Әлихан Бөкейхан атындағы мектеп-лицейінің оқушысы Әділжан Смаилов та биіктікке секіруден бақ сынауға келген.

– Осыдан бір ай бұрын жаттықтырушым турнирге қатысатынымды айтты. Содан бері тыңғылықты дайындалдық. Қарсыластарым да осал емес, – деді ол.

Турнир қорытындысы бойынша екі жаңа рекорд орнатылды. Ақтөбедегі Ә.Молдағұлова атындағы спорт интернатының оқушысы Алина Головина қыздар арасында кедергілер арқылы 50 метрді 7,43 секундта бағындырып, жаңа рекорд қойды. Ал, дәл осы сайыста ұлдар арасында өнер көрсеткен Теміртау қаласындағы спорт интернаты филиалының тәрбиеленушісі Георгий Козьма 6,90 секундта бағындырып, бұған дейін қойылған рекордты бұзды. Ал, жалпы командалық есепте облыстық Ә.Молдағұлова атындағы Олимпиадалық резервтің мектеп-интернаты-колледжінің спортшылары топ жарды.

**Ақерке БОЛАТ,**
**Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті журналистика бөлімінің IV курс студенті**

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**
Директордың орынбасары **Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**

Бас редактор **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген Ⓡ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

**Газет жеткізілмесе**
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 706

№15 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**
**Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.**
Кезекші редактор **Аяулым СОВЕТ**